

"Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2026 жылғы 27 шілдедегі № 145. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 шілдеде № 39413 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы № 91 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27301 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Климаттық саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект
және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасының

Экология және

табиғи ресурстар министрі

2026 жылғы 27 шілдедегі

№ 145 Бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрі

2022 жылғы 28 наурыздағы

№ 91 Бұйрығымен

бекітілген

Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу Қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 284 және 285-баптарына, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 61) тармақшасына "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) әдіснама – базалық сценарийді айқындау, парниктік газдар шығарындыларын қысқартуды немесе сіңіруді есептеу, сондай-ақ жоба нәтижелеріне мониторинг жүргізу, есептілік және верификациялау үшін қолданылатын қағидаттардың, ережелердің және есептеу әдістерінің бекітілген жиынтығы;

2) ағып кету – жоба бойынша қызметтің салдарынан туындайтын, бірақ оның шекарасына енгізілмеген, жобаны іске асыру орнынан тыс жердегі парниктік газдар шығарындыларына немесе олардың сіңірілуіне әсер

3) алғашқы беру – тиісті түзетуді қолданумен қатар жүретін, халықаралық деңгейде берілетін жұмсарту нәтижесін Қазақстан Республикасының ұлттық балансынан Париж келісімінің басқа тарапының пайдасына не өзге де халықаралық мақсаттарда пайдалану үшін халықаралық беру жөніндегі алғашқы операция;

4) базалық сценарий – жоба іске асырылмаған жағдайда парниктік газдар шығарындыларының немесе сіңірілуінің дамуын негізделген және құжатпен расталған сипаттау, ол жоба шеңберінде қол жеткізілетін шығарындыларды қысқарту немесе сіңіруді ұлғайту көлемін айқындау үшін базалық деңгей ретінде пайдаланылады;

5) бенчмарк – өнім бірлігіне шаққандағы квоталанатын парниктік газдар шығарындыларының үлестік көлемі;

6) беруші тарап – климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартудың халықаралық деңгейде берілетін нәтижесін халықаралық деңгейде беруді жүзеге асыратын мемлекет;

7) бірлескен тәсіл – Париж келісімінің 6-бабының 2-тармағына сәйкес ұлттық деңгейде айқындалатын салымдар мақсаттары үшін климаттың өзгеруінің алдын алу жөніндегі халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерді пайдалануға бағытталған жобаларды іске асыру тәсілі;

8) Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (бұдан әрі – Негіздемелік конвенция) – парниктік газдар шығарындыларын қысқартуды және климаттың өзгеруінің салдарларына бейімделуді қоса алғанда, климаттың өзгеруінің алдын алу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жалпы қағидаттары мен негіздерін белгілейтін халықаралық келісім;

9) валидация – халықаралық стандарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалау, мониторинг жоспарын, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын қысқарту немесе олардың сіңірілуін ұлғайту жөніндегі жобаларды әзірлеу шеңберіндегі құжаттаманы растау мақсатында жүргізілетін жүйелі, тәуелсіз және құжатпен ресімделген процесс;

10) валидациялау және верификациялау жөніндегі орган – Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 304-бабының 3-тармағына сәйкес аккредиттелген, келісілген валидациялау және (немесе) верификациялау критерийлеріне сәйкестігіне валидацияны және (немесе) верификацияны жүзеге асыратын орган;

11) верификация – халықаралық стандарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалау және парниктік газдарды түгендеу туралы есепте, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын қысқарту немесе олардың сіңірілуін ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растау мақсатында жүргізілетін жүйелі, тәуелсіз және құжатпен ресімделген процесс;

12) екіжылдық ашықтық туралы есеп – Париж келісімі шеңберінде тарап ұсынатын, ұлттық деңгейде айқындалатын үлеске қол жеткізу барысы, сондай-ақ климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартудың халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерін есепке алу және тиісті түзетулерді қолдану туралы ақпаратты қамтитын есеп;

13) жаңа қондырғы – Ұлттық жоспардың тиісті қолданылу кезеңінде пайдалануға енгізілетін квоталанатын қондырғы;

14) жоба – Париж келісімінің 6-бабының тетігіне сәйкес іске асырылатын, нәтижелері мониторингке, есептілікке, верификацияға және есепке алуға жататын парниктік газдар шығарындыларын қысқарту және (немесе) оларды сіңіру не сіңіру көлемін ұлғайту жөніндегі қызмет немесе іс-шаралар жиынтығы;

15) жобаға қатысушы – Париж келісімінің 6-бабының нарықтық тетіктері тізілімінде қызметін тіркеген қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлға не жеке кәсіпкер;

16) жобалық құжаттама – шығарындыларды есептеу әдіснамасын, базалық сценарийді, қосымшалылықтың негіздемесін, мониторинг және верификация жүйесін, қосарланған есепке алу тәуекелдерін бағалауды және Париж келісімінің 6-бабының 2-тармағына сәйкес жоба нәтижелерін авторизациялау туралы шешім қабылдау үшін мемлекетке қажетті өзге де мәліметтерді қамтитын құжат;

17) жобаға өтініш беруші – Париж келісімінің 6-бабының нарықтық тетіктері шеңберінде жобаны іске асыруды жоспарлап отырған заңды тұлға;

18) жұмсартудың өзге де халықаралық мақсаттары – Париж келісімі тараптарының ұлттық айқындалатын үлестеріне қол жеткізуге байланысты емес жұмсарту нәтижелерін пайдалану, оның ішінде Париж келісіміне сәйкес танылған халықаралық бағдарламалар немесе міндеттемелер

19) жыл сайынғы ақпараттық есеп – Париж келісімінің тарапы ұсынатын, климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартудың халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерімен жасалатын операциялар, оның ішінде оларды шығару, беру, пайдалану және тиісті түзетулер туралы ақпаратты қамтитын есеп;

20) көміртек бірліктерін авторизациялау – халықаралық деңгейде беруге рұқсат етілетін жұмсарту нәтижелерінің құқықтық мәртебесін, олардың мақсатты пайдаланылуын және тиісті түзетулерді қолдану қажеттілігін айқындайтын уәкілетті органның шешімі;

21) көміртек бірліктерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – көміртек бірліктерін айналымға енгізуге, сақтауға, беруге, сатып алуға, резервтеуге, бұғаттауға, өтеуге, күшін жоюға және айналымнан алып қоюға байланысты операцияларды есепке алудың электрондық жүйесі;

22) көміртек бірліктерінің күшін жою – көміртек бірліктерін ұлттық деңгейде айқындалатын үлеске немесе климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартуға арналған өзге де халықаралық мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланбастан, оларды тізілімдегі айналымнан түпкілікті алып тастау;

23) көміртек бірліктерімен сауда жасау жүйесінің операторы (бұдан әрі – жүйе операторы) – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдар шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымы, ол

парниктік газдар шығарындылары мен сіңірілуі саласындағы мемлекеттік реттеу мен халықаралық ынтымақтастықты техникалық және сараптамалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

24) көміртек бюджеті – Кодексте көзделген тәртіппен белгіленетін, көміртек бюджеттеу кезеңіне арналған Қазақстан Республикасының көміртектік балансы үшін жол берілетін шекті көлем;

25) көміртек квотасы – Кодекстің 290-бабының 4-тармағына сәйкес Ұлттық көміртек квоталары жоспарының қолданылу кезеңіне квоталанатын қондырғы үшін белгіленген парниктік газдар шығарындыларының квоталанатын көлемі және көміртек бірліктерінің мемлекеттік тізілімінде квоталанатын қондырғы операторының тиісті шотына есепке алынған көлем;

26) көміртектік офсет – Қазақстан Республикасының экономиканың кез келген секторларында парниктік газдар шығарындыларын қысқартуға және (немесе) парниктік газдардың сіңірілуін ұлғайтуға бағытталған қызметті немесе қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткізілген парниктік газдар шығарындыларының қысқаруы және (немесе) парниктік газдардың сіңірілуінің ұлғаюы;

27) қондырғының қуатын ұлғайту – өнімді өндіру, өңдеу және (немесе) тасымалдаудың жылдық көлемін ұлғайту;

28) қондырғының қуатын төмендету – өнімді өндіру, өңдеу және (немесе) тасымалдаудың жылдық көлемін төмендету;

29) қондырғы операторы – меншігінде немесе өзге де заңды пайдалану құқығында қондырғысы бар жеке немесе заңды тұлға;

30) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, басқару процестерін және үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі – уәкілетті орган);

31) қосымшалылық – егер Париж келісімінің 6-бабында көзделген нарықтық тетіктер болмаған жағдайда шығарындыларды қысқарту немесе сіңіруді ұлғайту жөніндегі жоба нәтижелеріне қол жеткізілмейтінін және олардың парниктік газдар шығарындыларын қысқарту немесе сіңірілуін ұлғайту жөніндегі ұлттық заңнама талап ететін нәтижелерден асып түсетінін растайтын критерий;

32) мониторинг – бекітілген әдіснамаға сәйкес шығарындылардың нақты қысқаруын немесе парниктік газдардың сіңірілуінің ұлғаюын сенімді есепке алуды қамтамасыз етуге бағытталған, жобаны іске асыруға байланысты деректерді жүйелі түрде жинау, тіркеу және талдау процесі;

33) негізгі көміртектік қағидаттар – Париж келісімінің 6-бабының 2-тармағына сәйкес іске асырылатын жобаларға қатысты ерікті көміртек нарықтарының қағидаттары, ережелері, есептеу әдістері және өзге де талаптары, оларды жоба өтінім берушісі ерікті түрде қабылдайды

34) офсеттік бірліктер – көміртектік офсетті есептеу мақсатында қолданылатын көміртек бірлігі;

35) өзара түсіністік туралы меморандум – Қазақстан Республикасы мен бір немесе бірнеше қатысушы мемлекет арасында жасалатын, Париж келісімінің 6-бабына сәйкес нарықтық тетіктерді іске асыру саласында ынтымақтастық жасауға тараптардың ниетін білдіретін құжат;

36) Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілім – парниктік газдар шығарындыларын азайтудың халықаралық берілетін нәтижелерін есепке алуға, қадағалауға және әкімшілендіруге арналған ақпараттық жүйе, оның ішінде оларды шығару, авторизациялау, алғашқы беру, кейінгі берулер, сатып алу, пайдалану, күшін жою және Кодекстің 283-бабына және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының көміртектік теңгеріміне тиісті түзетулер енгізу;

37) Париж келісімі Тараптарының кеңесі ретінде әрекет ететін Тараптар конференциясы (бұдан әрі – Тараптар конференциясы) – Париж келісімінің 16-бабына сәйкес құрылған, Париж келісімі Тараптарынан тұратын және оның іске асырылуын қадағалауды жүзеге асыратын, оның ішінде Париж келісімінің 6-бабында көзделген тетіктердің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті шешімдерді қабылдайтын Париж келісімінің жоғары басқару органы;

38) Париж келісімінің халықаралық тетіктері (бұдан әрі – жобалық тетіктер) – Париж келісімінің 6-бабының 2 және 4-тармақтарына сәйкес іске асырылатын, парниктік газдар шығарындыларын қысқартуға жәрдемдесуге және тұрақты дамуды қолдауға бағытталған бірлескен тәсілдер мен тетіктер;

39) парниктік газдар шығарындыларының коэффициенті – қондырғы қызметі туралы деректер негізінде парниктік газдар шығарындыларының көлемін айқындау үшін қажетті көбейткіш;

40) парниктік газдар шығарындыларының мониторингі – парниктік газдар шығарындыларының, оларды жою көлемдерінің немесе парниктік газдарға қатысты ілеспе деректерінің үздіксіз немесе мерзімді бағалау;

41) тиісті түзету – парниктік газдар шығарындыларын азайту нәтижелерін халықаралық беру, сатып алу немесе пайдалану жағдайында мұндай нәтижелерді қосарлы есепке алуды болғызбау мақсатында, Париж келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын есепке алу үшін жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының көміртектік теңгерімінің сандық өзгерісі;

42) тұрақты дамуға қосқан үлес – жобаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін экологиялық, әлеуметтік және экономикалық әсерлердің жиынтығы, оның ішінде қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жұмыс орындарын құру және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу;

43) ұлттық деңгейде айқындалатын үлес (бұдан әрі – ұлттық үлес) – Қазақстан Республикасының парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе олардың сіңірілуін ұлғайту жөніндегі, мемлекет Париж келісімі шеңберінде дербес айқындайтын, белгіленген мерзімдерде ұлттық деңгейде есепке алынуға және қол жеткізілуге тиіс үлесі;

44) хатшылық – Париж келісімі тетіктерін іске асыру шеңберінде жария тізілімдерді жүргізуді және климаттың өзгеруінің алдын алу нәтижелерін есепке алуды жүзеге асыратын БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының тұрақты жұмыс істейтін органы.

3. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады:

- 1) көміртегі бюджетін белгілеу;
- 2) көміртекті квоталау;
- 3) қондырғы операторларын әкімшілендіру.

2-тарау. Көміртегі бюджетін белгілеу

4. Көміртекті бюджеттеу кезеңіндегі Қазақстан Республикасының көміртегі балансы осындай кезеңге қатысты белгіленген көміртегі бюджетінен аспауға тиіс.

5. Көміртекті бюджеттеу кезеңі Кодекстің 286-бабы 3-тармағына сәйкес қатарынан бес күнтізбелік жылды құрайды.

6. Көміртегі бюджетімен парниктік газдардың квоталанатын және квоталанбайтын шығарындыларының көлемдері айқындалады.

7. Көміртегі бюджеті Кодекстің 286-бабы 5-тармағына сәйкес көміртекті бюджеттеудің әрбір келесі кезеңі үшін көміртекті бюджеттеудің тиісті кезеңі басталғанға дейін алты айдан кешіктірілмей әзірленеді.

8. Көміртегі бюджеті Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес ұлттық салымдарды сақтау қажеттілігі ескеріле отырып, мынадай түрде әзірленеді:

1) 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі көміртекті бюджеттеу кезеңі үшін 2021 жылға арналған көміртегі бюджеті 1990 жылғы көміртегі балансының деңгейінен кемінде 1,5 пайызға төмен болуы, кейінгі жылдары – алдыңғы жылдың көміртегі бюджеті деңгейінен жыл сайын кемінде 1,5 пайызға қысқартылуы;

2) 2026 жылдан бастап 2030 жылға дейінгі көміртекті бюджеттеу кезеңі үшін әрбір күнтізбелік жылға арналған көміртегі бюджеті алдыңғы жылдың көміртегі бюджеті деңгейінен кемінде 1,5 пайызға қысқартылуы;

3) көміртекті бюджеттеудің кейінгі кезеңдері үшін әрбір күнтізбелік жылға арналған көміртегі бюджеті 1990 жылғы көміртегі балансының деңгейінен кемінде он бес пайызға төмен болуы.

3-тарау. Көміртекті квоталау

9. Көміртекті квоталау деп осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген экономика секторларында квоталанатын қондырғылар жүзеге асыратын парниктік газдардың квоталанатын шығарындыларының жиынтық көлемін көміртекті бюджеттеу кезеңіне мемлекет белгілейтін сандық шектеу және осы Қағидаларға сәйкес квоталау субъектілеріне көміртегі квоталарын бөлу түсініледі.

Парниктік газдардың квоталанатын шығарындылары деп көміртегі диоксидінің шығарындылары түсініледі.

10. Электр энергетикасы, мұнай-газ, тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі, сондай-ақ цемент, әк, гипс және кірпіш өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібі көміртекті квоталауға жатады (бұдан әрі – экономиканың реттелетін секторлары).

11. Квоталау субъектісінің квоталанатын қондырғыны пайдалануы Кодекстің 289-бабының 6-тармағына сәйкес көміртегі квоталарын алу шартымен жүзеге асырылады.

Жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатын парниктік газдардың квоталанатын шығарындылары көлемі бар экономиканың реттелетін секторларындағы қондырғы квоталанатын қондырғы деп танылады.

Квоталанатын қондырғының операторы квоталау субъектісі деп танылады.

1-параграф. Көміртегі квотасы бірліктерін бөлу

12. Көміртегі квотасы бірліктерін квоталау субъектілері арасында бөлу көміртегі квоталарының ұлттық жоспарында айқындалған көлемдер шегінде оларды тегін бөлу және аукцион арқылы сату шарттарымен жүзеге асырылады (бұдан әрі – Ұлттық жоспар).

13. Қондырғылар бойынша көміртегі квотасы бірліктерін бөлу Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 шілдедегі № 260 бұйрығымен бекітілген экономиканың реттелетін секторларындағы бенчмарктер тізбесіне сәйкес бенчмарктерді қолдану негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі – Тізбе) (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23621 болып тіркелген).

Тізбеде бенчмарктер болмаған кезде қондырғылар бойынша көміртегі квотасы бірліктерін бөлу базалық желіні қолдану негізінде жүзеге асырылады.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес қондырғылар бойынша бөлуге жататын көміртегі квоталарының жалпы көлемі Ұлттық жоспар резервін шегергенде есептеледі.

15. Ұлттық жоспарды әзірлеу мақсатында жүйе операторы Ұлттық жоспар әзірленетін жылдың алдындағы қатарынан екі жылдағы өндірілген өнім көлемі бойынша деректерді пайдаланады.

16. Ұлттық жоспарда бір жылға бенчмарктерді қолдану негізінде бөлінетін қондырғыларға арналған көміртегі квоталары Ұлттық жоспармен айқындалатын

жылдардағы өнім көлемінің орташа мәнін тиісті бенчмаркке көбейту және алынған мәнді көміртегі квотасын қысқартудың тиісті пайызына азайту арқылы есептеледі.

17. Ұлттық жоспарда бір жылға базалық желіні қолдану негізінде бөлінетін қондырғыларға арналған көміртегі квоталары Ұлттық жоспармен айқындалатын жылдардағы қондырғылардың көміртегі диоксиді шығарындылары көлемдерінің орташа шамасы ескеріле отырып есептеледі.

18. Ұлттық жоспармен айқындалған жылдарда өнім өндіруді жүзеге асырмаған қондырғылар үшін бенчмарктерді қолдану негізінде бөлінетін көміртегі квоталары Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде тиісті кезеңге жоспарланып отырған өнім өндіру көлемін Тізбеге сәйкес тиісті бенчмаркке көбейту арқылы есептеледі.

Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде тиісті кезеңге жоспарланып отырған өнім өндіру көлемі квоталау субъектісінің өндірістік жоспарларының, техникалық жобаларының және өзге де өндірістік құжаттамасының деректерімен расталады.

19. Ұлттық жоспар оның қолданылу кезеңінің алдындағы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

2-параграф. Ұлттық жоспар резервін қалыптастыру

20. Ұлттық жоспар резерві тиісті кезеңге арналған көміртегі бюджетіне сәйкес қалыптастырылады және өз шамасына осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес қондырғылар бойынша бөлуге жататын көміртегі квоталарының жалпы көлемін азайтады.

21. Ұлттық жоспар резерві Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне қалыптастырылады және Ұлттық жоспар қолданылатын әрбір жылға айқындалады.

22. Ұлттық жоспар резервінің көлемі Кодекстің 290-бабының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның ақпараты бойынша тиісті кезеңге арналған жалпы ішкі ұлттық өнімнің болжамды жыл сайынғы өсу қарқынының орташа көрсеткіші негізінде есептеледі.

23. Ұлттық жоспар резерві мыналарға арналған көміртегі квоталары бар санаттарды қамтиды:

1) Ұлттық жоспардың тиісті қолданылу кезеңінде пайдалануға берілетін жаңа квоталанатын қондырғылар үшін көміртегі квотасы бірліктерін тегін бөлуге;

2) Ұлттық жоспардың тиісті қолданылу кезеңінде анықталған, бұрын ескерілмеген квоталанатын қондырғылар үшін көміртегі квотасы бірліктерін тегін бөлуге;

3) Ұлттық жоспардың тиісті қолданылу кезеңінде квоталанатын қондырғылардың қуаты ұлғайған жағдайда көміртегі квотасының қосымша бірліктерін тегін бөлуге;

4) Ұлттық жоспардың тиісті қолданылу кезеңінде квоталанатын қондырғылар санатына өтетін әкімшілендіру субъектілерінің қондырғылары үшін көміртегі квотасы бірліктерін тегін бөлуге;

5) көміртегі квотасы бірліктерін аукцион шарттарымен сатуға.

24. Ұлттық жоспар резервінен көміртегі квоталарының көлемі оның санаттары арасында мына формула бойынша тең бөліктермен бөлінеді:

$V_i = V / n$; мұнда:

V_i – оның бір санаты үшін резервтегі көміртегі квоталарының көлемі;

V – резерв көлемі;

n – резерв санаттарының саны.

25. Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінен кейінгі жылдағы жағдай бойынша резерв санаттарының бірінде көміртегі квоталарының көлемі резервтің осы санаты үшін көзделген квоталар көлемінің бестен бірінен аз болса, жүйе операторы уәкілетті органның хабарламасы бойынша осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген резерв санаттарынан квоталар көлемін қайта бөледі.

3-параграф. Қондырғыларды квоталанатын қондырғылар санатына енгізу және оларды квоталанатын қондырғылар санатынан шығару

26. Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде квоталанатын қондырғылар санатына мынадай қондырғылар енгізіледі:

1) Кодекстің 289-бабының 3-тармағына сәйкес Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде анықталған квоталанатын қондырғы;

2) Кодекстің 290-бабының 9-тармағына сәйкес пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылы жаңа қондырғы;

3) Кодекстің 290-бабының 8-тармағына сәйкес Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде квоталау санатына өтетін әкімшілендіру субъектісін белгілеу.

27. Әкімшілендіру субъектісінің қондырғысы Кодекстің 290-бабының 8-тармағына сәйкес қондырғы шығарындыларының жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатынын растайтын парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы верификацияланған есептің (бұдан әрі – есеп) негізінде квоталанатын қондырғылар санатына енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қондырғы тиісті верификацияланған есеп ұсынылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап көміртекті квоталауға жатады.

28. Пайдалануға берілетін жаңа квоталанатын қондырғы Кодекстің 290-бабының 9-тармағына сәйкес оны пайдалануға берген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап көміртекті квоталауға жатады.

29. Кодекстің 289-бабының 3-тармағына сәйкес Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде анықталған квоталанатын қондырғы қондырғы шығарындыларының жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатынын растайтын верификацияланған есептің негізінде квоталанатын қондырғылар санатына енгізіледі

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қондырғы тиісті верификацияланған есеп ұсынылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап көміртекті квоталауға жатады.

30. Есепті жыл үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепке сәйкес квоталанатын қондырғының көміртегі диоксиді шығарындылары жылына жиырма мың тоннадан аз болса, квоталау субъектісі квоталанатын қондырғыны көміртекті квоталаудан шығару үшін уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Көміртекті квоталаудан шығару мақсатында квоталау субъектісі парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептің электрондық нысанын толтырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жүгінеді.

Жүйе операторы тиісті қондырғының парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептің толтырылған нысанын Кодекстің 294-бабының 6-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарайды.

Жүйе операторы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп қағаз немесе электрондық нысанда тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етеді.

Уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде квоталау субъектісін, көміртекті квоталаудан шығаруға жататын қондырғыны, квоталардың пайдаланылмаған көлемін, квоталардың пайдаланылмаған көлемін көшіру үшін Ұлттық жоспар резервінің санатын көрсете отырып, квоталау субъектісіне және жүйе операторына тиісті хабарламалар жібереді.

Көрсетілген қондырғының квоталарының пайдаланылмаған көлемі уәкілетті органның хабарламасына сәйкес Ұлттық жоспар резервіне көшірілуге жатады.

31. Квоталанатын қондырғы таратылған (пайдаланудан шығарылған) жағдайда квоталау субъектісі Кодекстің 295-бабының 9-тармағына сәйкес тиісті қондырғы пайдаланылған соңғы есепті кезең үшін есепті қоса бере отырып, тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Уәкілетті орган квоталау субъектісінен хабарлама алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кодекстің 295-бабының 9-тармағына сәйкес пайдаланудан шығарылған қондырғының шотынан көміртегі квотасының пайдаланылмаған бірліктерін Ұлттық жоспар резервінің шотына көшіру туралы жүйе операторын хабардар етеді.

4-параграф. Көміртегі квоталарын беру

32. Көміртегі квотасын есепке жатқызу үшін жүйе операторы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 251 бұйрығымен бекітілген Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес Тізілімде шот ашады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23555 болып тіркелген).

33. Квоталау субъектісі көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары қолданылатын бірінші жылдың 15 сәуіріне дейін мемлекеттік көміртегі кадастрында мониторинг жоспарының электрондық нысанын толтырады және валидациялайды. Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде мониторинг жоспарының электрондық нысаны толтырылмаған жағдайда квоталау субъектісінің көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізіліміндегі шоты 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілген талаптар орындалғанға дейін бұғатталуға жатады.

34. Жүйе операторы Ұлттық жоспар қолданылатын бірінші жылдың 15 сәуірінен кейін мемлекеттік көміртегі кадастрында мониторинг жоспарының толтырылған және валидацияланған нысаны болмаған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде квоталау субъектісінің шотын бұғаттайды, сондай-ақ бұғатталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде квоталау субъектісінің шотының бұғатталғаны туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

35. Мониторинг жоспары осы Қағидаларға 1-қосымшада ұсынылған мониторинг жоспарының нысанына сәйкес әзірленеді (бұдан әрі – Мониторинг жоспарының нысаны) және валидациялауға жатады.

36. Жүйе операторы квоталау субъектісінен валидацияланған мониторинг жоспарын алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде оны толықтығы және Мониторинг жоспарының нысанына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

37. Мониторинг жоспарының Мониторинг жоспарының нысаны бойынша толық еместігі және (немесе) сәйкес еместігі анықталған жағдайда жүйе операторы 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны пысықтауға жібереді және барлық мониторинг жоспарларын қарау аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде пысықталған мониторинг жоспары ұсынылғанға дейін квоталау субъектісінің шотын бұғаттау туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

Квоталау субъектісі пысықталған мониторинг жоспарын ұсынғаннан кейін жүйе операторы 1 (бір) жұмыс күні ішінде квоталау субъектісінің шотын бұғаттан шығару туралы уәкілетті органды хабардар етеді. 38. Ұлттық жоспар резервінен жаңа квоталанатын қондырғы үшін квоталар беру оны пайдалануға беру жылына жүзеге асырылады. Келесі есепті жылдан бастап жаңа квоталанатын қондырғы квоталанатын қондырғылар санатына енгізілуге жатады.

39. Жаңа қондырғы үшін квоталар беру бенчмарктерді қолдану негізінде жүзеге асырылады

Квоталау субъектісі жаңа қондырғы үшін сұратылатын квота көлемін Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде жоспарланып отырған өнім өндіру көлемін Тізбеге сәйкес бенчмаркке көбейту арқылы есептейді.

40. Тізбеде тиісті бенчмарктер болмаған кезде квоталау субъектісі жаңа қондырғы үшін квотаны бөлу үшін парниктік газдар шығарындыларының болжамды көлемін уәкілетті органға береді. Шығарындылар болжамы жаңа қондырғының жобалық

құжаттарында расталған қондырғы қызметі туралы деректерге негізделеді және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелерінде көрсетілген формулаларды қолдану арқылы есептеледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31735 болып тіркелген) (бұдан әрі – Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелері).

41. Жаңа қондырғыға квота бірліктерін алу үшін квоталау субъектісі тиісті қондырғыны пайдалануға беруге дейін екі айдан кешіктірмей уәкілетті органға валидацияланған мониторинг жоспарын, Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінің әрбір жылына сұратылатын квотаның есептемелерін, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаңа қондырғыға/әкімшілендіру субъектісінің қондырғысына көміртегі квотасын беруге арналған өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) ұсынады.

42. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және сәйкес еместігі анықталған жағдайда оларды пысықтауға жібереді.

43. Квоталау субъектісі 10 (он) жұмыс күні ішінде мониторинг жоспарының нысанын пысықтайды, оны мемлекеттік көміртегі кадастрында толтырады және валидациялайды және уәкілетті органға ұсынады. Уәкілетті орган құжаттарды осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарайды.

44. Жаңа қондырғыға көміртегі квотасын беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган жүйе операторына жаңа қондырғыны, аталған жаңа қондырғының операторын, сондай-ақ бөлінген квота бірліктерінің көлемін көрсете отырып тиісті хабарламалар және жаңа қондырғының операторына Тізілімде шот ашу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Жаңа қондырғыға арналған көміртегі квотасын жүйе операторы оны пайдалануға берген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе Кодекстің 291-бабының 5-тармағына сәйкес Ұлттық жоспар күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде есепке жатқызады.

45. Квоталанатын қондырғылар санатына өтетін әкімшілендіру субъектісінің қондырғысы үшін квоталар беру (бұдан әрі – квоталанатын әкімшілендіру субъектісі) қондырғы шығарындыларының жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатынын растайтын тиісті верификацияланған есеп ұсынылған жылдан кейінгі есепті жылға Ұлттық жоспар резервінен жүзеге асырылады. Келесі есепті жылдан бастап аталған қондырғы квоталанатын қондырғылар санатына енгізілуге жатады.

46. Квоталанатын әкімшілендіру субъектісіне квоталар беру бенчмарктер негізінде жүзеге асырылады.

Квоталанатын әкімшілендіру субъектісі валидацияланған мониторинг жоспарында жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асу фактісін растайтын верификацияланған есеп ұсынылған жылдан кейінгі есепті кезеңге және Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінің қалған есепті кезеңдеріне сұратылатын квота көлемін Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде жоспарланып отырған өнім өндіру көлемін Тізбеге сәйкес бенчмаркке көбейту арқылы есептейді.

47. Тізбеде бенчмарктер болмаған кезде квоталанатын әкімшілендіру субъектісі сұратылатын квота көлемін Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелерінде көрсетілген формулаларды қолдану арқылы есептейді.

48. Көміртегі квотасын алу үшін квоталанатын әкімшілендіру субъектісі тиісті қондырғының шығарындылары жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатыны көрсетілген верификацияланған есепті ұсынғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде уәкілетті органға валидацияланған мониторинг жоспарын, Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінің әрбір жылына сұратылатын квотаның есептемелерін, Өтінішті береді.

49. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және сәйкес еместігі анықталған жағдайда оларды пысықтауға жібереді.

50. Квоталанатын әкімшілендіру субъектісі пысықталған құжаттарды ұсынғаннан кейін уәкілетті орган құжаттарды осы Қағидалардың 49-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарайды.

51. Квоталанатын әкімшілендіру субъектісіне көміртегі квотасын беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган жүйе операторына квоталанатын әкімшілендіру субъектісін, оның қондырғысын, бөлінген квота бірліктерінің көлемін көрсете отырып тиісті хабарламалар және квоталанатын әкімшілендіру субъектісіне Тізілімде шот ашу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Квоталанатын әкімшілендіру субъектісіне көміртегі квотасын жүйе операторы верификацияланған есеп ұсынылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе Кодекстің 291-бабының 5-тармағына сәйкес Ұлттық жоспар күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде есепке жатқызады.

52. Ұлттық жоспар әзірленетін жылы немесе тиісті Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде анықталған, бұрын ескерілмеген квоталанатын қондырғы үшін Ұлттық жоспар резервінен квоталар беру қондырғы шығарындыларының жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатынын растайтын ұсынылған верификацияланған есепке сәйкес есепті кезеңге және қондырғының валидацияланған мониторинг жоспарының есептемелеріне сәйкес одан кейінгі есепті кезеңге жүзеге асырылады.

Тиісті Ұлттық жоспардың қалған есепті кезеңдері бойынша аталған қондырғы квоталанатын қондырғылар санатына енгізілуге жатады.

Анықталған қондырғы операторы валидацияланған мониторинг жоспарында жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асу фактісін растайтын верификацияланған есеп ұсынылған жылдан кейінгі есепті кезеңге және Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінің қалған есепті кезеңдеріне сұратылатын квота көлемін Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде жоспарланып отырған өнім өндіру көлемін Тізбеге сәйкес бенчмаркке көбейту арқылы есептейді.

53. Тізбеде бенчмарктер болмаған кезде анықталған квоталанатын қондырғының операторы сұратылатын квота көлемін Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелерінде көрсетілген формулаларды қолдану арқылы есептейді.

54. Көміртегі квотасын алу үшін анықталған квоталанатын қондырғының операторы тиісті қондырғының шығарындылары жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатыны көрсетілген верификацияланған есепті ұсынғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде уәкілетті органға валидацияланған мониторинг жоспарын, Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінің әрбір жылына сұратылатын квотаның есептемелерін, Өтінішті береді.

55. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 54-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және сәйкес еместігі анықталған жағдайда оларды пысықтауға жібереді.

56. Анықталған квоталанатын қондырғының операторы пысықталған құжаттарды ұсынғаннан кейін уәкілетті орган құжаттарды осы Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарайды.

57. Анықталған квоталанатын қондырғының операторына көміртегі квотасын беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган жүйе операторына анықталған квоталанатын қондырғының операторын, оның қондырғысын, бөлінген квота бірліктерінің көлемін көрсете отырып тиісті хабарламалар және анықталған квоталанатын қондырғының операторына Тізілімде шот ашу қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Анықталған квоталанатын қондырғының операторына квотаны жүйе операторы тиісті шот ашылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде есепке жатқызады.

5-параграф. Парниктік газдардың мониторингі және түгенделуі

58. Кодекстің 293-бабының 1-тармағына сәйкес квоталау субъектісі Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне орындау үшін міндетті мониторинг жоспарын әзірлейді

, мемлекеттік көміртегі кадастрында мониторинг жоспарының нысанын толтырады және валидациялайды.

59. Квоталау субъектісі аккредиттелген валидация және верификация органы валидациялаған мониторинг жоспарына сәйкес парниктік газдар шығарындыларының мониторингін жүзеге асырады. Мониторинг жоспарынан ауытқулар, парниктік газдар шығарындыларының көлемін айқындауда анықталған қателер квоталау субъектісінің ішкі құжаттамасында тіркеледі, ол квоталау субъектісінің есебін верификациялауды жүзеге асыратын аккредиттелген валидация және верификация органы үшін қолжетімді болып табылады.

Қондырғылар деңгейінде парниктік газдар мониторингін жүргізу кезінде жасыл екпелер биомассасы және өзге де табиғи жинақтағыштар арқылы парниктік газдардың сіңірілуі есепке алынбайды.

60. Квоталау субъектісі мониторинг жоспарына мынадай жағдайларда өзгерістер енгізеді:

1) кез келген қызметтен (көзден) шығарындыларды есептеу әдісінің (теңдеуінің) немесе параметрлерінің өзгеруі;

2) мониторингі валидацияланған мониторинг жоспарынан өзгеше болатын жаңа қызметтің (көздердің) қосылуы;

3) мониторингі (деректері мен коэффициенттері) валидацияланған мониторинг жоспарында көрсетілмеген отынның қосылуы. Жалпы отын балансының бір пайызынан азын құрайтын жаңа отын түрі қосылған жағдайда мониторинг жоспарына өзгерістер енгізілмейді;

4) бұрын қолданылған мониторинг әдіснамасы нәтижесінде алынған деректерді уәкілетті органның дұрыс емес деп тануы;

5) егер осы рәсімдердің өзгеруі шығарындылар туралы деректердің дәлдігіне тікелей әсер етсе, сынамаларды іріктеу және талдаумен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасында көзделген жағдайларда өлшеу құралдарын тексеру және (немесе) калибрлеумен байланысты жаңа рәсімдерді енгізу;

6) алдыңғы мониторинг жоспарын валидациялаған органның лицензиясын кері қайтарып алу;

7) квоталау субъектісінің есептік деректерінің дәлдігін жақсарту немесе валидация органының қорытындысына жауап ретінде.

61. Өзгерістер енгізілгеннен кейін мониторинг жоспары валидациялауға жатады.

Көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы квоталау субъектісі валидацияланған өзгертілген мониторинг жоспарын ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мониторинг жоспарына енгізілген өзгерістерді қарайды.

Мониторинг жоспарының өзгертілген нысанының Мониторинг жоспарының нысаны бойынша толық еместігі және (немесе) сәйкес еместігі анықталған жағдайда көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторы оны пысықтауға жібереді.

Квоталау субъектісі 10 (он) жұмыс күні ішінде мониторинг жоспарының нысанын пысықтайды, оны мемлекеттік көміртегі кадастрында толтырады және валидациялайды және көміртегі бірліктерінің сауда жүйесінің операторына ұсынады. Қайта ұсынылған құжаттарды қарау осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

62. Парниктік газдар мониторингін квоталау субъектісі белгіленген мониторинг жоспарына сәйкес есептеу әдісін не өлшеу әдісін пайдалана отырып, сондай-ақ екі әдісті біріктіру арқылы жүзеге асырады.

63. Есептеу әдісі қолданылған жағдайда квоталау субъектісі парниктік газдар шығарындыларының көлемін тиісті қызмет түрлері бойынша парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелерінде көрсетілген парниктік газдар шығарындыларын есептеу формулалары мен коэффициенттерін пайдалану арқылы айқындайды.

64. Парниктік газдар шығарындыларының меншікті есептік коэффициенттерін қолдану операторлардың бастапқы өнімнің/шикізаттың сынамаларын талдау негізінде процестерді материалдық-жылулық модельдеуді қоса алғанда, отынға қажетті талдаулар жүргізу мүмкіндігінің болуын ескере отырып, мониторинг жоспары шеңберінде негізделеді.

65. Парниктік газдар шығарындылары мониторингінің нәтижелері бойынша квоталау субъектісі мониторинг жоспарында белгіленген рәсімдерге сәйкес деректерді жазуды, құжаттауды және мұрағаттауды жүргізеді.

66. Квоталау субъектісі парниктік газдар шығарындылары мониторингі бойынша мынадай деректерді он жыл бойы сақтайды:

- 1) мониторинг жүргізілген көздердің тізбесі;
- 2) жыл сайынғы есептердің көшірмелері;
- 3) парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған парниктік газдар шығарындылары бойынша қызмет туралы немесе шығарылған өнім туралы деректер;
- 4) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген парниктік газдар мониторингі жоспары;
- 5) парниктік газдар бойынша қызмет туралы деректерді жинау процесі жөніндегі құжаттама;
- 6) мониторинг әдісі ретінде өлшеу әдісін таңдаудың негіздемесі;
- 7) өлшеу жүйелерінің егжей-тегжейлі техникалық сипаттамасы және олардағы кез келген өзгерістердің сипаттамасы;
- 8) сынамаларды іріктеу журналын қоса алғанда, өлшеулердің бастапқы және жиынтық нәтижелері.

67. Жыл сайынғы мониторинг қорытындысы бойынша қондырғы операторы мемлекеттік көміртегі кадастрында есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуіріне дейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес квоталау субъектілері үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы электрондық есепті толтырады және верификациялайды немесе мемлекеттік көміртегі кадастрында есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуіріне дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әкімшілендіру субъектілері үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы электрондық есепті толтырады.

68. Уәкілетті орган парниктік газдарды түгендеуді бақылауды жүзеге асырады. Тек квоталанатын қондырғылардың есептері ғана верификациялауға жатады.

69. Жүйе операторы верификацияланған есеп жіберілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде бекітілген нысанға сәйкестігі, верификацияның болуы, парниктік газдар шығарындылары есептемелерінің дұрыстығы және парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттердің қолданылуы тұрғысынан қарайды және қарау нәтижелері бойынша:

- 1) осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес верификацияланған есепті тіркейді;
- 2) есеп осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес келмеген жағдайда оны квоталау субъектісіне пысықтауға жібереді, сондай-ақ аккредиттелген валидация және верификация органдарына қатысты шаралар қабылдау үшін уәкілетті органды хабардар етеді.

70. Қондырғы операторы қызмет туралы деректерді мынадай тәсілдердің бірімен айқындайды:

- 1) шығарындыларды туындататын ағынды тұрақты өлшеу арқылы;
- 2) қорлардағы тиісті өзгерістерді ескере отырып, жеке жеткізілген мөлшерлердің өлшемдерін агрегаттау негізінде.

71. Парниктік газдар шығарындылары көлемінің өлшем бірліктері ретінде тонна пайдаланылады, ал кейін парниктік газдың әрбір түрінің мөлшері Кодекстің 282-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалған жаһандық жылырудың тиісті әлеуеттері арқылы СО₂-эквивалент тоннасына айналдырылады.

72. Жүйе операторы квоталау субъектісінің шотының бұғатталғаны туралы уәкілетті органды және квоталау субъектісін хабардар етеді.

Осы Қағидалардың 67-тармағында көрсетілген мерзімде есеп ұсынылмаған жағдайда жүйе операторы квоталау субъектісінің шотын бұғаттайды және есеп ұсынылғанға дейін шотының бұғатталғаны туралы уәкілетті органды және квоталау субъектісін хабардар етеді.

Квоталау субъектісі верификацияланған есепті ұсынғаннан кейін жүйе операторы 3 (үш) жұмыс күні ішінде квоталау субъектісінің шотын бұғаттан шығару туралы уәкілетті органды және квоталау субъектісін хабардар етеді.

6-параграф. Көміртегі квоталарын өзгерту

73. Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде қондырғының қуаты ұлғайған жағдайда қосымша көміртегі квотасын алу үшін квоталау субъектісі Кодекстің 295-бабына сәйкес уәкілетті органға жүгінеді.

74. Қосымша квота алу мақсатында квоталау субъектісі есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен ерте емес, бірақ 1 тамызынан кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көміртегі квотасының көлемін өзгертуге арналған өтінішті (бұдан әрі – Көміртегі квотасының көлемін өзгертуге арналған өтініш) және көміртегі квотасының өзгеруін негіздейтін есептемелерді береді.

75. Ұлттық жоспардың қолданылуының соңғы жылы кезеңі үшін қосымша көміртегі квотасын алуға жүгінген жағдайда квоталау субъектісі уәкілетті органға осы Қағидалардың 74-тармағында көрсетілген құжаттарды есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен ерте емес, бірақ 1 шілдесінен кешіктірмей береді.

76. Қосымша көміртегі квотасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$M = (X - Y) \times Z,$$

мұнда:

M – сұратылатын қосымша көміртегі квотасы;

X – алдыңғы есепті жыл үшін верификацияланған есепте көрсетілген өнімнің расталған көлемі;

Y – қолданыстағы Ұлттық жоспар бойынша қондырғыға бір жылға арналған көміртегі квотасын есептеу үшін пайдаланылған өнім көлемінің мәні;

Z – бенчмарк.

77. Қосымша көміртегі квотасы жыл сайын беріледі.

Уәкілетті орган осы Қағидалардың 74-75-тармақтарында белгіленген мерзімдерде көміртегі квотасын өзгертуге арналған өтініштерді жыл сайын қабылдайды.

Уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қыркүйегіне дейін квоталау субъектісі қосымша көміртегі квотасын алу үшін ұсынған құжаттарды қарайды.

Ұлттық жоспардың әрбір қолданылу жылы бойынша айқындалған резерв көлеміне және қондырғылар операторларының өтініштеріне сәйкес сұратылатын қосымша көміртегі квоталарының көлемдеріне сүйене отырып, уәкілетті орган әрбір қондырғы үшін тең пайыздық арақатынаста тегін беруге жататын қосымша көміртегі квотасының көлемін айқындайды.

78. Қосымша көміртегі квотасын беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде квоталау субъектісін, квоталанатын қондырғыны және қосымша көміртегі квотасының көлемін көрсете отырып, квоталау субъектісіне және жүйе операторына тиісті хабарламалар жібереді.

79. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) олар осы Қағидалардың 74 және 76-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайларда уәкілетті орган құжаттар ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды пысықтауға жібереді.

Квоталау субъектісі пысықталған құжаттарды ұсынғаннан кейін уәкілетті орган осы Қағидалардың 78-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарайды.

80. Әрбір қондырғы бойынша тегін берілген қосымша көміртегі квотасының көлемдері туралы ақпарат жүйе операторының ресми интернет-ресурсында жарияланады.

81. Қосымша көміртегі квотасы уәкілетті орган берген Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңі ішінде жарамды.

82. Квоталанатын қондырғының операторы ауысқан жағдайларда квоталау субъектісі Кодекстің 296-бабына сәйкес уәкілетті органға жүгінеді.

83. Квоталанатын қондырғы операторы атауы және (немесе) ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайларда Кодекстің 297-бабына сәйкес уәкілетті органға жүгінеді.

84. Квоталау субъектісі ауысқан кезде Ұлттық жоспармен белгіленген квота көлемі өзгерген жағдайда квоталау субъектісі мемлекеттік көміртегі кадастрында мониторинг жоспарының электрондық нысанын толтырады және валидациялайды. Мониторинг жоспарының нысаны толтырылғаннан және валидацияланғаннан кейін квоталау субъектісі уәкілетті органға валидацияланған мониторинг жоспарының көшірмесін және Көміртегі квотасының көлемін өзгертуге арналған өтініш нысаны бойынша көміртегі квотасының көлемін өзгертуге арналған өтінішті ұсынады.

85. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және құжаттардың толық еместігі және жоғарыдағы талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда пысықтауға жібереді.

86. Квоталау субъектісі пысықталған құжаттарды ұсынғаннан кейін уәкілетті орган құжаттарды осы Қағидалардың 85-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарайды. Оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган квоталау субъектісін, қондырғының атауын, бөлінген квота бірліктерінің көлемін көрсете отырып жүйе операторына тиісті хабарламалар және квоталау субъектісіне Тізілімдегі шот бойынша деректерді өзгерту қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Квотаны өзгерту және квоталау субъектісінің деректері бойынша тиісті өзгерістер жүйе операторы хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде енгізіледі.

87. Квоталау субъектісі өзінде бар көміртегі квотасы бірліктерін квоталау кезеңі шегінде өз қондырғылары арасында дербес бөледі.

Квоталау субъектісі өз қондырғылары арасында көміртегі квотасы бірліктерін дербес бөлуді осы Қағидалардың 89, 90, 91-тармақтарында- көрсетілген алып қою рәсімі жүргізілгеннен кейін жүзеге асырады.

Көміртегі квотасы бірліктерін қайта бөлу мақсаттары үшін квоталау субъектісі жүйе операторына еркін нысанда өтініш жібереді.

88. Квоталау субъектісі Кодекстің 289-бабының 8-тармағына сәйкес есепті кезеңдер арасында өтелмеген көміртегі бірліктерін көшіру мақсаттары үшін жүйе операторына еркін нысанда өтініш жібереді. Жүйе операторы өтінішті қарайды және 10 (он) жұмыс күні ішінде өтелмеген көміртегі бірліктерін көшіруді жүргізеді.

89. Квоталанатын қондырғы таратылған (пайдаланудан шығарылған) жағдайда квоталау субъектісі тиісті қондырғы пайдаланылған соңғы есепті кезең үшін есепті қоса бере отырып, тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етеді.

Уәкілетті орган квоталау субъектісінен хабарлама алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде пайдаланудан шығарылған қондырғының шотынан көміртегі квотасының пайдаланылмаған бірліктерін Ұлттық жоспар резервінің шотына көшіру туралы жүйе операторын хабардар етеді.

Квоталау субъектісі есепті ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган растаушы құжаттар негізінде таратылған квоталау субъектісінің шотынан көміртегі квотасының пайдаланылмаған көлемін Ұлттық жоспар резервінің шотына көшіру туралы шешім қабылдайды.

90. Квоталанатын қондырғының қуатын төмендету есебінен пайда болған көміртегі квотасы бірліктері сатуға жатпайды және қосымша көміртегі квотасын беру үшін Ұлттық жоспар резервінің санатына қайтарылуға жатады.

91. Жүйе операторы осы Қағидалардың 90-тармағында көрсетілген көміртегі квотасы бірліктерін жыл сайын алып қояды.

Жүйе операторы тіркелген верификацияланған есептер негізінде есептер тіркелген күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде көміртегі квотасы бірліктерін жыл сайын алып қояды.

92. Жүйе операторы алып қою жүргізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қондырғы қуатын төмендету нәтижесінде пайда болған квоталар көлемін алып қою туралы квоталау субъектілерін хабардар етеді.

7-параграф. Көміртегі квоталары бірліктерін өтеу

93. Көміртегі квоталарын өтеу Тізілімдегі верификацияланған есепке сәйкес Ұлттық жоспардың көміртегі бірліктерін айналымнан алып қою (есептен шығару) арқылы жыл сайын жүзеге асырылады.

94. Екінші реттік көміртегі нарығында көміртегі нарығының субъектілері Кодекстің 299-бабының 4-тармағына сәйкес көміртегі бірліктерін бір-бірінің арасында тікелей мәміле арқылы немесе тауар биржасы арқылы сатып алуды-сатуды жүзеге асырады. Жетіспейтін квоталар көлемін тікелей сату-сатып алу арқылы немесе көміртегі бірліктерін өтеуге беру мақсатында оларды тауар биржасында сату-сатып алу бойынша мәміле жасалған жағдайда квоталау субъектісі квота бірліктерін мынадай тәртіппен өтейді:

1) квоталау субъектісі (сатып алушы) сатып алынған квота бірліктері шотына есепке жатқызылғаннан кейін жүйе операторына осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көміртегі квоталарын өтеуге арналған өтінішті (бұдан әрі – Өтеуге арналған өтініш) ұсынады;

2) жүйе операторы квота бірліктерінің тиісті көлемін квоталау субъектісінің шотынан квоталарды өтеу шотына беруді жүргізеді.

95. Қосымша көміртегі квотасын алған жағдайда оны өтеуге беру мақсатында квоталау субъектісі квота бірліктерін мынадай тәртіппен өтейді:

1) квоталау субъектісі қосымша көміртегі квотасы шотына есепке жатқызылғаннан кейін уәкілетті органға Өтеуге арналған өтініш нысаны бойынша көміртегі квоталарын өтеуге арналған өтінішті ұсынады;

2) уәкілетті орган Тізілімдегі квоталар көлемін көрсете отырып, квоталау субъектісінің шотынан қосымша көміртегі квотасын квоталарды өтеу шотына беру қажеттігі туралы жүйе операторын хабардар етеді;

3) жүйе операторы қосымша көміртегі квотасын квоталау субъектісінің шотынан квоталарды өтеу шотына беруді жүргізеді.

96. Офсеттік бірліктер алынған жағдайда оларды өтеуге беру мақсатында квоталау субъектісі жүйе операторына Өтеуге арналған өтініш нысаны бойынша көміртегі квоталарын өтеуге арналған өтінішті ұсынады. Жүйе операторы офсеттік бірліктердің тиісті көлемін квоталау субъектісінің шотынан квоталарды өтеу шотына беруді жүргізеді.

97. Ұлттық жоспардың есепті кезеңі бойынша көміртегі бірліктерін толық жыл сайынғы өтеу Кодекстің 291-бабының 8-тармағына сәйкес Ұлттық жоспардың соңғы есепті кезеңін қоспағанда, есепті жылдан кейінгі жылдың соңына дейін жүзеге асырылады.

4-тарау. Қондырғыларды әкімшілендіру

98. Экономиканың реттелетін секторларында парниктік газдардың шығарындыларының көлемі жылына он мыңнан жиырма мың тоннаға дейін көміртегі диоксидін құрайтын қондырғы әкімшілендірілетін қондырғы деп танылады.

Әкімшілендіру субъектісі деп әкімшілендірілетін қондырғының операторы танылады.

99. Әкімшілендіру субъектісі ағымдағы жылдың 1 (бірінші) сәуіріне дейін мемлекеттік көміртегі кадастрында әкімшілендірілетін қондырғының алдыңғы жыл үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есебінің электрондық нысанын толтырады.

100. Әкімшілендірілетін қондырғының парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есебі верификациялауға жатпайды.

101. Әкімшілендіру субъектісі Кодекстің 301-бабының 4-тармағына сәйкес көміртегі офсетін алу мақсатында парниктік газдар шығарындыларын қысқартуға немесе сіңірулерін ұлғайтуға бағытталған жобаның өтінім берушісі ретінде қатысуға құқылы.

5-тарау. Париж келісімі 6-бабының нарықтық тетіктеріне қатысу тәртібі

102. Нарықтық тетіктерге қатысу ерікті негізде жүзеге асырылады және осы Қағидалармен және Тараптар конференциясы шешімдерімен және рәсімдерімен реттеледі.

103. Париж келісімінің халықаралық тетіктері шеңберінде климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелері (бұдан әрі – халықаралық берілетін нәтижелер) деп бір елден екінші елге берілетін парниктік газдар шығарындыларын қысқарту немесе олардың сіңірілуін ұлғайту көлемі түсініледі.

104. Жобалық тетіктер шеңберінде жоспарланатын жобалар осы тараудың 4-параграфында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес іске асырылады.

1-параграф. Бірлескен тәсілдерді іске асыру

105. Париж келісімінің 6-бабы 2-тармағы шеңберінде уәкілетті орган бірлескен тәсілдерді іске асыру шарттарын айқындау мәселелері бойынша келіссөздер жүргізеді. Келіссөздердің қорытындысы бойынша тараптар келісімдер, меморандумдар және (немесе) негіздемелік келісімдер жасасады.

106. Жоба өтінім берушісі уәкілетті органға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жоба тұжырымдамасын ұсынады.

107. Уәкілетті орган жоба тұжырымдамасын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей салалық қорытынды алу үшін оларды салалық мемлекеттік органдарға жібереді.

108. Салалық мемлекеттік органдар жоба тұжырымдамасын алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды және салалық қорытындыны не дәлелді бас тартуды ұсынады.

109. Уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдардың қорытындысын алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жоба тұжырымдамасын сараптама жүргізу үшін жүйе операторына жібереді.

110. Жүйе операторы жоба тұжырымдамасын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сараптама жүргізеді.

Жүйе операторы жоба тұжырымдамасына осы Қағидаларға 7 және 8-қосымшаларда және осы тараудың 3-параграфындағы өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізеді. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша жүйе операторы шешім шығарады және оны уәкілетті органға жібереді.

111. Уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдардың қорытындылары және жүйе операторының шешімі негізінде жоба өтінім берушісіне осы Қағидаларға 9-қосымшада көзделген нысан бойынша ресімделген қарсылықтардың жоқтығы туралы хат беру туралы шешім қабылдайды.

Ескертулер болған жағдайда уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдардың қорытындылары және жүйе операторының шешімі негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде жоба өтінім берушісіне жою үшін жібереді.

112. Жоба өтінім берушісі ескертулерді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жояды және пысықталған жобаны уәкілетті органға ұсынады.

113. Жоба осы тараудың 4-параграфындағы талаптарға өлшемшарттарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган жоба өтінім берушісіне дәлелді бас тартуды ұсынады.

114. Уәкілетті орган қарсылықтардың жоқтығы туралы хаттың көшірмесін Париж келісімінің 6-бабы шеңберінде жоба өтінім берушісін тізілімде тіркеу үшін жүйе операторына жібереді.

115. Алынған қарсылықтардың жоқтығы туралы хат негізінде жоба өтінім берушісі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жобалық құжаттаманы және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес мониторинг жоспарын, осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес Тұрақты даму жоспарын әзірлейді.

116. Жоба өтінім берушісі жобалық құжаттаманы, мониторинг жоспарына және тұрақты даму жоспарына валидация рәсімін жүргізеді және уәкілетті органға жібереді.

117. Уәкілетті орган осы Қағидалардың **116-тармағында** көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сараптама жүргізу үшін жүйе операторына жібереді.

118. Жүйе операторы құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жобалық құжаттамаға, мониторинг жоспарына, тұрақты даму жоспарына және жобаны валидациялау туралы есепке сараптама жүргізеді. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша жүйе операторы жобаны және мониторинг жоспарын мақұлдау туралы шешім шығарады және уәкілетті органға жібереді.

Ескертулер болған жағдайда жүйе операторы уәкілетті органға ескертулерді пысықтау қажеттілігі немесе бас тарту туралы шешімін жібереді.

119. Уәкілетті орган жүйе операторы ұсынған жобаны мақұлдау туралы шешім негізінде 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жоба өтінім берушісіне осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаны және мониторинг жоспарын мақұлдау туралы хат беру туралы шешім қабылдайды.

Ескертулер болған жағдайда уәкілетті орган жүйе операторының пысықтау қажеттілігі туралы ескертулерін жоба өтінім берушісіне жібереді.

120. Уәкілетті орган жобаны және мониторинг жоспарын мақұлдау туралы хаттың көшірмесін бірегей сәйкестендіру нөмірін беру арқылы Париж келісімінің 6-бабы

шеңберінде жобаны тізілімде тіркеу үшін жүйе операторына жібереді. Жобаны тіркеу жұмсарту нәтижелерін халықаралық беру үшін автоматты түрде авторизациялауды білдірмейді.

121. Жоба өтінім берушісі валидацияланған мониторинг жоспарына сәйкес жобаның мониторингін жүзеге асырады.

122. Жоба өтінім берушісі уәкілетті органға осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес жобаны іске асыру туралы верификацияланған есепті және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тұрақты даму туралы есепті ұсынады.

123. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 122-тармақта көрсетілген құжаттарды сараптама жүргізу үшін жүйе операторына жібереді.

124. Жүйе операторы жобаны іске асыру туралы верификацияланған есепке және тұрақты даму туралы есепке 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей сараптама жүргізеді және уәкілетті органға шешім жібереді.

125. Сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жүйе операторы он жұмыс күні ішінде климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде авторизациялау сәтіне дейін оларға климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелері мәртебесін бермей есепке алуды жүргізеді.

126. Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін авторизациялау жобаның іске асырылуы бойынша әрбір верификацияланған есеп бойынша жүзеге асырылады.

Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін авторизациялау үшін жоба өтінім берушісі уәкілетті органға осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін авторизациялау туралы өтініш ұсынады.

127. Уәкілетті орган жоба өтінім берушісіне осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін авторизациялау-хатын жібереді. Климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін авторизациялау-хатында халықаралық мақсаттарда пайдалануға жататын климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерінің көлемі, оларды пайдалану мақсаттары, сондай-ақ тиісті түзетулерді қолдануға байланысты шарттар көрсетіледі.

128. Климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін авторизациялау-хаты болашақ кезеңдер үшін барлық көлемді беруге алдын ала рұқсат болып табылмайды. Әрбір кейінгі кезең үшін климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін верификациялау және авторизациялау талап етіледі.

129. Авторизациялау сәтінен бастап климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелері халықаралық берілетін нәтижелер мәртебесіне ие болады.

130. Халықаралық берілетін нәтижелерді авторизациялау туралы ақпарат Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімге енгізіледі және халықаралық есепке алу жүйесіне жіберіледі.

131. Халықаралық берілетін нәтижелер басқа мемлекетке алғаш рет берілген кезде уәкілетті орган көміртегі балансына тиісті түзету жүргізеді.

132. Халықаралық берілетін нәтижелерді беру бойынша барлық операциялар Негіздемелік конвенцияның халықаралық есепке алу жүйесінде тіркеледі.

2-параграф. Ерікті түрде қабылданған негізгі көміртегі қағидаттарына сәйкес әзірленген жобалар бойынша бірлескен тәсілдерді іске асыру

133. Жоба ерікті түрде қабылданған негізгі көміртегі қағидаттарына сәйкес іске асырылған кезде жоба өтінім берушісі уәкілетті органға осы Қағидаларға 7 және 17-қосымшаларға сәйкес жоба тұжырымдамасын және бірлескен тәсілдер арқылы негізгі көміртегі қағидаттарына сәйкес іске асырылатын жобаны қарау үшін құжаттар тізбесін ұсынады.

134. Уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 133-тармақта көрсетілген құжаттарды салалық қорытынды алу үшін салалық мемлекеттік органдарға және жүйе операторына жібереді.

135. Салалық мемлекеттік органдар осы Қағидалардың 134-тармақта көрсетілген құжаттарды қарайды және 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей салалық қорытындыны не дәлелді бас тартуды ұсынады.

136. Жүйе операторы 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жоба тұжырымдамасына Париж келісімінің талаптарына және Тараптар конференцияларының шешімдеріне, осы тараудың 3-параграфындағы өлшемшарттарға және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізеді. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша жүйе операторы шешім шығарады және оны уәкілетті органға жібереді.

137. Уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдардың қорытындылары және жүйе операторының шешімі негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде жоба өтінім берушісіне бар ескертулерді жою үшін жібереді.

138. Уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдардың қорытындысы және жүйе операторының шешімі негізінде жоба өтінім берушісіне осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес қарсылықтардың жоқтығы туралы хат жібереді.

Жоба осы тараудың 3-параграфының өлшемшарттарына және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган жоба өтінім берушісіне дәлелді бас тартуды жібереді.

139. Жоба өтінім берушісі қарсылықтардың жоқтығы туралы хатты алғаннан кейін уәкілетті органға ерікті түрде қабылданған негізгі көміртегі қағидаттарына сәйкес әзірленген валидацияланған жобалық құжаттаманы, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес мониторинг жоспарын және осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес Тұрақты даму жоспарын, жобаны валидациялау туралы есепті ұсынады.

140. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 139-тармағында көрсетілген құжаттаманы осы Қағидаларға 18-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындауға сараптама жүргізу үшін жүйе операторына жібереді.

141. Жүйе операторы уәкілетті орган осы Қағидалардың 139-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жобалық құжаттамаға осы Қағидаларға 18-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізеді және уәкілетті органға жобаны мақұлдау туралы шешімді жібереді.

Ескертулер болған жағдайда жүйе операторы уәкілетті органға ескертулерді пысықтау қажеттілігі немесе бас тарту туралы шешімін жібереді.

142. Уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдардың қорытындылары және жүйе операторының шешімі негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде жоба өтінім берушісіне бар ескертулерді жою үшін жібереді.

Жоба өтінім берушісі ескертулерді 10 (он) жұмыс күні ішінде жояды және уәкілетті органға пысықталған жобалық құжаттаманы ұсынады.

143. Уәкілетті орган жүйе операторы ұсынған жобаны мақұлдау не бас тарту туралы шешім негізінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде жоба өтінім берушісіне осы Қағидаларға 19-қосымшада көзделген нысан бойынша жобаны мақұлдау туралы хатты не дәлелді бас тартуды ұсынады.

Жобаны мақұлдау туралы шешім халықаралық берілетін нәтижелерді беруге рұқсат болып табылмайды. Халықаралық берілетін нәтижелерді беру үшін климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін верификациялау және авторизациялау туралы шешім талап етіледі.

144. Уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде Жүйе операторы бірегей сәйкестендіру нөмірін беру арқылы Париж келісімінің 6-бабы шеңберінде жобаны тізілімде тіркейді. Жобаны тіркеу климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін халықаралық беру үшін автоматты түрде авторизациялауды білдірмейді.

145. Жоба өтінім берушісі уәкілетті органға мониторинг кезеңі аяқталғанға дейін осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес жобаны іске асыру туралы верификацияланған есепті және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тұрақты даму туралы есепті ұсынады.

146. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 145-тармағында көрсетілген құжаттарды сараптама жүргізу үшін жүйе операторына жібереді.

147. Жүйе операторы осы Қағидалардың 145-тармағында көрсетілген құжаттарға алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей сараптама жүргізеді.

148. Оң шешім болған кезде жүйе операторы климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін авторизациялауға дейін оларға халықаралық берілетін нәтижелер мәртебесін бермей, Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде есепке алады.

149. Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін авторизациялау әрбір верификацияланған көлем бойынша жүзеге асырылады.

Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін авторизациялау үшін жоба өтінім берушісі уәкілетті органға осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін авторизациялау туралы өтініш ұсынады.

150. Уәкілетті орган өтінім берушіге халықаралық мақсаттарда пайдалануға жататын климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерінің көлемін, оларды пайдалану мақсаттарын, сондай-ақ тиісті түзетулерді қолдануға байланысты шарттарды көрсете отырып, жобаны мақұлдау туралы хатта белгіленген шарттарды ескере отырып, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін авторизациялау туралы хат жібереді.

151. Климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін авторизациялау туралы хат берілген сәттен бастап климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерінің тиісті көлемі халықаралық берілетін нәтижелер мәртебесіне ие болады.

152. Халықаралық берілетін нәтижелерді авторизациялау туралы ақпарат Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімге енгізіледі және халықаралық есепке алу жүйесіне жіберіледі.

153. Халықаралық берілетін нәтижелер алғаш рет берілген кезде уәкілетті орган көміртегі балансына тиісті түзету жүргізеді.

154. Халықаралық берілетін нәтижелерді беру бойынша барлық операциялар Негіздемелік конвенцияның халықаралық есепке алу жүйесінде тіркеледі.

3-параграф. Жобаларды мақұлдау өлшемшарттары

155. Жобаны мақұлдауға жоба шеңберінде шығарылған жалпы көлемнен халықаралық берілетін нәтижелердің үлесін Қазақстан Республикасының ұлттық салымына қол жеткізу пайдасына беру шартымен жол беріледі.

156. Уәкілетті орган халықаралық берілетін нәтижелердің үлесін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес айқындайды.

157. Халықаралық берілетін нәтижелердің үлесін айқындау кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) шығарындыларды қысқарту құны;
- 2) жобаның рентабельділігі үшін көміртегі үстемесінің қажеттілігі;
- 3) Қазақстан Республикасының салалық басымдықтары;
- 4) жобаның Қазақстан Республикасының ұлттық салымына қол жеткізуге қосатын үлесі;
- 5) технологиялық жаңалық деңгейі;
- 6) топырақтың тозуын қысқартуға, биоалуантүрлілікті дамытуға, өмір сүру сапасын жақсартуға қосатын үлес;
- 7) метан және басқа да парниктік газдар шығарындыларын қысқарту.

158. Жобалық тетіктер шеңберіндегі жобалар үшін жұмсарту нәтижелерінің ықтимал жоғалтуларын өтеуге арналған буферлік шоттар қалыптастырылады.

Буферлік шоттың мөлшері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес айқындалады.

159. Авторизациялау-хатында және жобаны мақұлдау туралы хатта айқындалған шарттар қайтарып алынбайтын болып табылады. Негіздемелік конвенцияның әдіснамалық базасы өзгерген жағдайда жобаны мақұлдау туралы хатта және авторизациялау хатында айқындалған шарттар қайта қаралуға жатады.

160. Жоба қосымшалылық, экономикалық негізділік, экологиялық тұтастық, ұлттық салымдарға сәйкестік және климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін бөлу шарттарын сақтау талаптары бір мезгілде сақталған кезде мақұлдануға жатады.

161. Жоба Негіздемелік конвенция талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті экономика секторы үшін әдеттегі практиканың болмауы өлшемшартына сәйкес келсе, мақұлдануға жатады.

Әдеттегі практика деп климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерінен түсетін кірістерді есепке алмай, тиісті секторда кеңінен іске асырылатын, соның салдарынан жобалық тетіктер шеңберінде қосымша деп танылмайтын қызмет түрлері түсініледі.

162. Жоба мынадай жағдайларда мақұлдануға жатады:

1) жоба өтінім берушісі жобалық тетіктерді пайдаланбай жобаны іске асыруға кедергі келтіретін қаржылық, технологиялық немесе өзге де тосқауылдардың болуын растаса;

2) жобаны іске асыру жоба шекарасынан тыс парниктік газдар шығарындыларының ұлғаюына (көміртегі ағып кетуіне) алып келмесе, ол жоба шеңберінде қол жеткізілген қысқартуларды немесе сіңірулерді жоюға қабілетті болмаса;

3) жоба парниктік газдар шығарындыларының нақты, өлшенетін және верификацияланатын қысқартуларын және (немесе) сіңірулерін қамтамасыз етсе;

4) жоба халықаралық талаптарға сәйкес келетін мониторинг, есептілік және верификация жүйесін көздесе;

5) жоба тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етсе және қоршаған ортаға және әлеуметтік салаға теріс әсер етпесе;

6) жоба өтінім берушісі жоба тұжырымдамасында жобаның кірістері, шығындары және қаржыландыру көздерінің құрылымын көрсетсе;

7) жоба Қазақстан Республикасының ұлттық салымына қол жеткізу мүдделеріне сәйкес келсе;

8) жоба парниктік газдар шығарындыларының мәлімделген қысқартуларының немесе сіңірулерінің тұрақтылығы мен ұзақ мерзімділігін, оның ішінде оларды жоғалту тәуекелін барынша азайтуды қамтамасыз етсе.

163. Нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жоба тәуекелдерді басқару жүйесін көздейді, ол мыналарды қамтиды:

1) шығарындылардың мәлімделген қысқартуларына (сіңірулеріне) қол жеткізбеу немесе оларды жоғалту тәуекелдерін сәйкестендіру;

2) мұндай тәуекелдердің туындау ықтималдығын және олардың салдарын бағалау;

3) көрсетілген тәуекелдердің алдын алу, оларды төмендету және бақылау жөніндегі шаралар кешені;

4) көміртегі бірліктерінің буферлік резервін қалыптастыруды және пайдалануды қоса алғанда, жоғалған нәтижелерді өтеу тетігі.

164. Ұлттық салымға қол жеткізуге кедергі келтіретін жобалар жобалық тетіктер шеңберінде қаралуға жатпайды.

165. Көміртегі бірліктерімен сауда жүйесі шеңберінде, оның ішінде көміртегі офсеті түрінде іске асырылатын жобалар жобалық тетіктер шеңберінде қаралуға жатпайды.

166. Жобалық тетік ретінде танылатын қызмет квоталанатын қондырғыдағы парниктік газдардың квоталанатын шығарындылары бойынша жүзеге асырылмайды.

167. Көміртегі ағып кету тәуекелін бағалауды жоба өтінім берушісі Негіздемелік конвенцияның қолданылатын әдіснамалары мен басшылық құжаттарына сәйкес жүзеге асырады және ол мыналарды қамтуға тиіс:

1) өндірістік қызметтің жоба шекарасынан тыс ығысуын талдау;

2) жобаны іске асырудан туындаған энергия жеткізгіштерге сұраныстың және оларды тұтыну құрылымының өзгерістерін бағалау;

3) трансшекаралық әсерлерді, оның ішінде шығарындылардың юрисдикциялар арасында ықтимал қайта бөлінуін талдау.

168. Көміртегі ағып кету тәуекелі анықталған жағдайда жобалық құжаттама ағып кету көлемінің сандық бағасын және оның алдын алу не барынша азайту жөніндегі шараларды көздейді.

169. Есепке алуға мәлімделетін парниктік газдар шығарындыларының қысқартулары есептік көміртегі ағып кету шамасына түзетілуге жатады.

170. Көміртегі ағып кетуі дәйексіз бағаланған немесе өтелген жобалар мақұлдануға жатпайды.

171. Жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін есепке алу олардың өмірлік циклінің барлық сатыларын қамти отырып жүзеге асырылады, оның ішінде:

1) парниктік газдар шығарындыларының қысқартуларын немесе сіңірулерін генерациялау (пайда болуы);

2) нәтижелерді аккредиттелген органның верификациялауы;

3) Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін шығару;

4) беру (халықаралық беруді қоса алғанда);

5) Ұлттық салымды орындау максаттары үшін пайдалану не жою.

172. Жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижесінің әрбір бірлігіне шығарылған кезде оны бірімәнді сәйкестендіруді қамтамасыз ететін және қосарланған есепке алу,

қосарланған пайдалану немесе қосарланған беру мүмкіндігін болдырмайтын бірегей идентификатор беріледі.

173. Жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерінің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде операцияларды кейіннен тексеру және ұлттық есептілік жүйесімен және ашықтықтың халықаралық тетіктерімен салыстыру мүмкіндігімен Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде тіркеу қамтамасыз етіледі.

4-параграф. Жобалық тетіктер шеңберінде климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерін есепке алу

174. Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде халықаралық берілетін нәтижелерді шығаруды жүйе операторы уәкілетті органның хабарламасы негізінде жүзеге асырады.

175. Халықаралық берілетін нәтижелер халықаралық рәсімдерге сәйкес танылғаннан және есепке жатқызылғаннан кейін Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде есепке алынуға жатады.

176. Халықаралық берілетін нәтиженің әрбір бірлігіне оның сәйкестендірілуін және қадағалануын қамтамасыз ететін, оның ішінде шыққан елі, есепті кезеңі, секторы, қызмет түрі және жобалық тетіктердің түрі туралы мәліметтерді қамтитын бірегей идентификатор беріледі.

177. Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде халықаралық берілетін нәтижелерді есепке алуға арналған шоттардың мынадай түрлері жүргізіледі:

1) жобаға қатысушының шоты – жобаның верификацияланған нәтижелері қорытындылары бойынша жобаға қатысушының пайдасына шығарылған халықаралық берілетін нәтижелерді сақтау, беру және пайдалану үшін;

2) буферлік шот – жұмсарту нәтижелерінің ықтимал жоғалтуларын өтеу мақсатында алып қойылған халықаралық берілетін нәтижелердің бір бөлігін резервтеу үшін;

3) жою шоты – ұлттық салымдарға қол жеткізу мақсатында пайдаланылған не жұмсартудың өзге де халықаралық мақсаттарына берілген халықаралық берілетін нәтижелерді айналымнан алып қою үшін;

4) тиісті түзетулер шоты – климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелері халықаралық берілген кезде бірлескен тәсілдерге сәйкес Қазақстан Республикасының парниктік газдар шығарындыларына тиісті түзетулерді қолдану жөніндегі операцияларды көрсету үшін.

178. Халықаралық берілетін нәтижелерді бірінші беру деп авторизацияланған халықаралық берілетін нәтижелер алғаш рет Қазақстан Республикасының ұлттық балансынан шығарылатын операция танылады.

179. Бірінші беру халықаралық берілетін нәтижелерді:

1) Париж келісімінің басқа тарапының тізіліміне;

2) Негіздемелік конвенция әкімшілендіретін халықаралық тізілімге аудару арқылы жүзеге асырылады.

180. Халықаралық берілетін нәтижелер олар пайдаланылған немесе жойылған сәтке дейін жобаларға қатысушылардың, сатып алушылардың немесе өзге де уәкілетті субъектілердің шоттарында болады.

181. Халықаралық берілетін нәтижелерді беру жобалық тетіктер шеңберіндегі тізілім арқылы олардың есепке алынуын, қадағалануын және бақылануын қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

182. Халықаралық берілетін нәтижелер:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық салымына қол жеткізу үшін;

2) климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық мақсаттары үшін пайдаланылады.

183. Халықаралық берілетін нәтижелерді пайдалану Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілімде түрде көрсетілуге жатады.

184. Халықаралық берілетін нәтижелерді жоюды жүйе операторы оларды жою шотына аудару арқылы жүзеге асырады.

185. Халықаралық берілетін нәтижелерді жою мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) халықаралық берілетін нәтижелерді ұлттық салымға қол жеткізу үшін пайдалану;

2) ерікті түрде жою;

3) бұзушылықтарды анықтау;

4) тұрақты даму тетігі шеңберінде парниктік газдар шығарындыларының жалпы жаһандық қысқартылуын қамтамасыз ету.

186. Уәкілетті орган жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей, Негіздемелік конвенцияның 6-бабы дерекқорына келісілген электрондық форматта кооперативтік тәсілдер шеңберіндегі халықаралық берілетін нәтижелермен операциялар туралы жылдық ақпаратты, оның ішінде ұлттық салымға қол жеткізу мақсаттары және жұмсартудың халықаралық мақсаттары үшін халықаралық берілетін нәтижелерді авторизациялау туралы, алғашқы берулер, берулер, сатып алулар, шоттардағы қалдықтар, жою, ерікті түрде жою және ұлттық салым есебіне пайдалану туралы мәліметтерді бірегей идентификаторларды, кооперативтік тәсілді, беретін және пайдаланатын тараптарды, климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижесі туындаған жылды, секторды және қызмет түрін көрсете отырып ұсынады.

187. Жүйе операторы Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілім деректерін белгіленген форматта Негіздемелік конвенцияның халықаралық дерекқорына беруді қамтамасыз етеді.

188. Халықаралық берілетін нәтижелерді есепке алу Париж келісімінің 6-бабы шеңберіндегі тізілім деректері Негіздемелік конвенция шеңберінде жұмыс істейтін халықаралық есепке алу жүйесімен келісілгеннен кейін аяқталған болып есептеледі.

189. Уәкілетті орган халықаралық берілетін нәтижелер және тиісті түзетулер туралы ақпаратты ашықтық жөніндегі екіжылдық есепке енгізуді қамтамасыз етеді.

Парниктік газдар
шығарындылары
мен сіңірулері саласындағы
мемлекеттік реттеу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Ұсынылады: жүйе операторына.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: nbecology.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Квоталанатын қондырғының парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспары

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық белгіленуі): 1-ПМ

Кезеңділігі: тиісті кезеңге бекітілген Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне әзірленеді.

Есепті кезең: 20_ жылдан бастап 20_ жылға дейін.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Кодекстің 289-бабына сәйкес квоталау субъектілері.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: тиісті кезеңге бекітілген Ұлттық жоспардың қолданылуының он бесінші сәуіріне дейін.

ЖСН/БСН

(деректер жеке тұлғалар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде ұсынылған жағдайда толтырылмайды)

Жинау әдісі: электрондық түрде.

1. Квоталау субъектісінің атауы

2. Квоталау субъектісінің заңды мекенжайы (облысты, ауданды, елді мекенді (қала\кент\өзге) қоса алғанда)

3. Телефон/факс

4. Электрондық пошта мекенжайы

5. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша квоталау субъектісінің негізгі қызмет түрі

6. Қондырғы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

7. Мониторинг жоспарын дайындауға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс деректері (телефон, ұялы телефон, e-mail)

8. Қондырғының және қондырғы бойынша жүзеге асырылатын әрі мониторингке жататын қызметтің сипаттамасы

9. Қондырғы бойынша парниктік газдар мониторингі жүзеге асырылатын парниктік газдар шығарындыларына әкелетін процестердің тізбесін көрсетіңіз

Жол коды	Қондырғының атауы	Кодекстің 289-бабының 2-тармағына сәйкес квоталанатын қондырғы жататын экономиканың реттелетін секторы	Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы бойынша географиялық орналасқан жері	Парниктік газдар шығарындыларының көзі болып табылатын пайдаланылатын отын немесе шикізат түрі
1	2	3	4	5

10. Әрбір көз үшін пайдаланылатын технологияның, қуаттың және жұмыс істеу уақыты кезеңінің сипаттамаларын көрсетіңіз (бу немесе ыстық су өндіруге арналған қазандықтар, әртүрлі технологиялық процестер үшін қажетті жылу энергиясының көздері, цемент немесе балқыту пештері, көміртекті шикізатты тасымалдауға арналған стационарлық жүйелер, ілеспе газды алауларда жағу, парниктік газдар шығарындыларымен байланысты технологиялық процестер).

Жол коды	Қондырғының атауы	Көздің атауы	Пайдаланылатын технологияның сипаттамасы	Белгіленген қуаты (өлшем бірлігі) (бар болса)	Жұмыс уақыты
1	2	3	4	5	6

11. Парниктік газдар шығарындылары мониторингі үшін пайдаланылатын әдістің сипаттамасы (есептеулер және өлшемдер негізінде):

Жол коды	Қондырғының атауы	Өндірістік процестің атауы	Отынның немесе шикізаттың атауы	Парниктік газдар шығарындылары коэффициенттерінің деңгейі	Тұтынылатын отын немесе шикізат мөлшері туралы деректер көзі	Төменгі жану жылуы коэффициентін есептеу үшін деректер көзі	Түрлендіру коэффициентін есептеу үшін деректер көзі (өнеркәсіптік процестер жағдайында)
1	2	3	4	5	6	7	8

11-кестенің жалғасы

Өлшеу негізіндегі әдістің сипаттамасы:

1) Сынамалар алу деректерінің сипаттамасы:

Жол коды	Отынның, шикізаттың немесе өнімнің түрі	Сынама алу нүктесі (белгіленуі)	Сынама алу параметрі	Сынама алу әдісі (қысқаша сипаттамасы)	Сынама алу кезеңділігі	Парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін деректерді беру кезеңділігі
1	2	3	4	5	6	7

Зертхананың атауы:

2) өлшем құралдары пайдаланылған жағдайда олардың сипаттамасы

Жол коды	Өлшем құралының атауы	Орналасқан жері (сәйкестендіру нөмірі)	Өлшеу диапазоны			Көрсетілген белгісіздік (+/-%)
			өлшем бірлігі	төменгі шегі	жоғарғы шегі	
1	2	3	4	5	6	7

12. Парниктік газдар шығарындылары көздері бойынша жоспарланатын өзгерістерді көрсетіңіз

Жол коды	Қондырғының атауы	Көздің (процестің) атауы	Жоспарланатын өзгеріс	Өзгеріс жылы
1	2	3	4	5

*- Жаңа көздер (процестер) енгізілген жағдайда шығарындыларды бағалау әдістері

13. Деректерді жинау және өңдеу рәсімдерінің сипаттамасы, кезеңділігін және сапаны бақылауды қамтамасыз етуді көрсете отырып

14. Көміртегі квоталары көлемін алуды негіздейтін есептеулер *.

*- Осы тармақты жаңа қондырғылардың операторлары, анықталған квоталанатын қондырғылардың операторлары, сондай-ақ квоталанатын әкімшілендіру субъектілері толтырады.

15. Қондырғы деңгейінде мониторинг пен есептілік үшін жауапкершілікті бөлу

16. Квоталау субъектісі басшысының қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

17. Аккредиттелген валидация және верификация жөніндегі органмен расталды (бұдан әрі – аккредиттелген орган)

1) аккредиттелген органның толық атауы;

2) аккредиттелген органның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) аккредиттеу аттестатының нөмірі және қолданылу мерзімі;

4) аккредиттелген органның заңды мекенжайы;

5) телефон, факс; _____

6) электрондық пошта; _____

7) валидатордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

8) Парниктік газдар шығарындыларын мынадай көлемде растау*:

_____ тонна көміртегі диоксиді;
_____ тонна көміртегі диоксиді
эквивалентіндегі парниктік газдардың жалпы шығарындылары;

9) Аккредиттелген орган басшысының қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) _____

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы

Мөр орны (бар болса)

Квоталанатын қондырғының
парниктік газдар
ығарындылары
мониторингі жоспарына
қосымша

Квоталанатын қондырғының парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспары әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 1-ПМ, кезеңділігі: тиісті кезеңге бекітілген Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне)

6-бағанда "Ауытқу себептері" мониторинг жоспарынан ауытқу себептері көрсетіледі;

7-бағанда "Ескертпе" ескертпелер көрсетіледі.

13. 13-бөлімде квоталау субъектісі басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

14. 14-бөлімде парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептің валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органмен расталуы көрсетіледі: сенімділік деңгейі (ақылға қонымды немесе шектеулі) көрсетіледі;

1) тармақшада верификацияны жүзеге асыратын валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның толық атауы көрсетіледі;

- 2) тармақшада аккредиттелген органның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 3) тармақшада аккредиттеу аттестатының нөмірі және қолданылу мерзімі немесе күні, сериясы көрсетіледі;
- 4) тармақшада валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның заңды мекенжайы көрсетіледі;
- 5) тармақшада верификатордың телефон, факс нөмірі көрсетіледі;
- 6) тармақшада верификатордың электрондық поштасы көрсетіледі;
- 7) тармақшада верификацияға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;
- 8) тармақшада әрбір қондырғы бойынша жеке көміртегі диоксиді тоннамен расталатын парниктік газдар шығарындыларының көлемі; сондай-ақ әрбір қондырғы бойынша жеке көміртегі диоксиді эквивалентіндегі парниктік газдардың жалпы шығарындыларының көлемі көрсетіледі;
- 9) тармақшада есепті жыл үшін әрбір қондырғы бойынша жиынтықта қажетті өлшем бірліктерінде өндірілген өнімнің әрбір түрінің расталатын көлемі көрсетіледі;
- 10) тармақшада валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

Парниктік газдар
шығарындылары мен
сіңірулері саласындағы
мемлекеттік реттеу
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Ұсынылады: жүйе операторына.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: nbecology.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Әкімшілендіру субъектілері үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық белгіленуі): 2-ИВПГ

Кезеңділігі: жыл сайын.

Есепті кезең: ____ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Кодекстің 301-бабына сәйкес әкімшілендіру субъектілері.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі жылдың бірінші сәуіріне дейін.

ЖСН/БСН

(деректерді жеке тұлғалар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде ұсынылған жағдайда толтырылмайды)

1. Әкімшілендіру субъектісінің толық атауы

3. WGS84 координаттарды айқындаудың халықаралық жүйесі бойынша қондырғының нақты мекенжайы (NN.nnnnnn, EE.eeeeeee түріндегі ендік/бойлық)

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

5. Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті әзірлеу жөніндегі орындаушы

6. Стационарлық көздер немесе стационарлық көздерге теңестірілген мобильді көздер бойынша есепті жылдағы парниктік газдар шығарындыларының нақты көлемін көрсетіңіз

Жол коды	Қонды рғыны ң атауы	Проце стің атауы	Шикіз аттың не процес тің атауы	Көмірт егі диокси д і шығар ындыл арыны ң көлемі, тонна	Метан шығарындылар ының көлемі		Азот оксиді шығарындылар ының көлемі		Перфторкөмірт ектер шығарындылар ының көлемі		Қонды рғы бойын ша көмірт егі диокси д і тоннас ының эквива лентін дегі парник тік газдар шығар ындыл арыны ң жалпы көлемі	Қонды рғы бойын ша көмірт егі диокси д і тоннас ының эквива лентін дегі парник тік газдар шығар ындыл арыны ң жалпы көлемі
					тонна	көмірт егі диокси д і тоннас ының эквива лентін де	тонна	көмірт егі диокси д і тоннас ының эквива лентін де	тонна	көмірт егі диокси д і тоннас ының эквива лентін де		

[illegible]

8. Есепті жылдағы өндірілген өнім бойынша деректерді және өнімнің әрбір түрінен парниктік газдар шығарындыларының көлемін көрсетіңіз

		Есепті жылдағы өндірілген өнім				

Жол коды	Қондыр ғының атауы	Түрі	Саны **	Өлшем бірлігі *	Әрбір қондыр ғы бойынш а өнімнің түрі бойынш а жиыны **	Өлшем бірлігі *	Парниктік газдар шығарындыларының көлемі (тоннамен) **			
							көміртегі диоксиді	метан	азот оксиді	перфтор көміртект ер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

* Өндірілген өнім санының өлшем бірліктері ретінде электр энергиясын өндіру мегаватт-сағатпен және жылу энергиясын өндіру гигакалориямен көрсетілетін жағдайларды қоспағанда, тонна пайдаланылады.

** Деректер үтірден кейін үш санға дейін дөңгелектеніп көрсетіледі.

9. Металлургия саласындағы қызметте өнім өндіру кезінде отын шығысы бойынша деректерді көрсетіңіз*:

Жол коды	Түрі	Саны	Өлшем бірлігі
1	2	3	4
1	Шойын, болат, агломераттар және жентектер өндіру		
2	Шойын өндіруге кокстың үлестік шығысы		
3	Шойын өндіруге тас көмірдің үлестік шығысы		
4	Шойын өндіруге табиғи газдың үлестік шығысы		
5	Болат өндіруге болат сынықтарының үлестік шығысы		
6	Болат өндіруге шойын сынықтарының үлестік шығысы		
7	Электр болатын өндіруге электродтардың үлестік шығысы		
8	Алюминий өндіру		
9	Күйдірілген анодтар		
10	ванна-тәулікке анодтық әсер минуттары, минут.		
11	коксты, күйдірілген анодтарды тұтыну		
12	Феррокорытпалар өндіру		
	Феррокорытпалар өндіру үшін тұтынылған тотықсыздандырғыштың		

13	көлемі (феррокорытпа түрлері бойынша жазу)		
----	--	--	--

*Деректерді экономикалық қызмет түрі металлургия саласындағы қызметке жататын әкімшілендіру субъектілері толтырады

10. Офсеттік бірліктер бойынша мәліметтерді (алынған, иеліктен шығарылған) көрсетіңіз

Жол коды	Қондырғының атауы	Көміртегі бірлігінің түрі	Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне алынған офсеттік бірліктер	Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне алынған офсеттік бірліктердің қалдығы	Есепті жылда иеліктен шығарылған көміртегі бірліктері
1	2	3	4	5	6
1		Офсеттік бірліктер			

11. Ұйым басшысының қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы

Әкімшілендіру субъектілері
үшін парниктік газдар
шығарындыларын түгендеу
туралы есепке
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Әкімшілендіру субъектілері үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 2-ИВПГ, кезеңділігі: жыл сайын)

1. Әкімшілендіру субъектілері үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп (бұдан әрі – Нысан) Кодекстің 301-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Нысанды әкімшілендіру субъектілері Кодекстің 301-бабына сәйкес жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін жүйе операторына ұсынады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Есепті кезең" бөлімінде парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп әзірленген есепті жыл көрсетіледі;

"ЖСН/БСН" бөлімінде әкімшілендіру субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

1-бөлімде әкімшілендіру субъектісінің толық атауы көрсетіледі

2-бөлімде әкімшілендіру субъектісінің заңды мекенжайы (облысты, ауданды, елді мекенді (қала\кент\өзге) қоса алғанда) көрсетіледі;

3-бөлімде WGS84 координаттарды айқындаудың халықаралық жүйесі бойынша қондырғының нақты мекенжайы (NN.nnnnnn, EE.eeeeeee түріндегі ендік/бойлық) көрсетіледі;

4-бөлімде экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша көміртекті квоталау жүзеге асырылатын қызмет түрі көрсетіледі;

5-бөлімде парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті әзірлеу жөніндегі орындаушының деректері – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және оның байланыс деректері: қызметтік телефон, ұялы телефон, e-mail көрсетіледі;

4. 6-бөлімде стационарлық көздер немесе стационарлық көздерге теңестірілген мобильді көздер бойынша есепті жылдағы парниктік газдар шығарындыларының нақты көлемі көрсетіледі:

1-бағанда "Жол коды" жол коды көрсетіледі;

2-бағанда "Қондырғының атауы" қондырғының атауы көрсетіледі;

3-бағанда "Процестің атауы" көрсетілген қондырғыда жүзеге асырылатын және парниктік газдар шығарындыларына себеп болатын процестің атауы таңдалады;

4-бағанда "Шикізаттың не процестің атауы" бағанда келтірілген бөлініске сәйкес шикізат түрлері толтырылады. Шикізаттың әрбір түрі не процесс жеке жолмен толтырылады;

5-бағанда "Көміртегі диоксиді шығарындыларының көлемі, тонна" пайдаланылған шикізаттың әрбір түрі бойынша көміртегі диоксиді шығарындыларының көлемі тоннамен көрсетіледі;

"Метан шығарындыларының көлемі" бағанында пайдаланылған шикізаттың әрбір түрі бойынша метан шығарындыларының көлемі көрсетіледі. Баған 6 және 7-бағандарға бөлінеді. 6-бағанда метан шығарындыларының көлемі тоннамен, 7-бағанда метан шығарындыларының көлемі көміртегі диоксиді тоннасының эквивалентімен көрсетіледі;

"Азот оксиді шығарындыларының көлемі" бағанында пайдаланылған шикізаттың әрбір түрі бойынша азот оксиді шығарындыларының көлемі көрсетіледі. Баған 8 және 9-бағандарға бөлінеді. 8-бағанда азот оксиді шығарындыларының көлемі тоннамен, 9-бағанда азот оксиді шығарындыларының көлемі көміртегі диоксиді тоннасының эквивалентімен көрсетіледі;

"Перфторкөміртектер шығарындыларының көлемі" бағанында пайдаланылған шикізаттың әрбір түрі бойынша перфторкөміртектер шығарындыларының көлемі көрсетіледі. Баған 10 және 11-бағандарға бөлінеді. 10-бағанда перфторкөміртектер шығарындыларының көлемі тоннамен, 11-бағанда перфторкөміртектер шығарындыларының көлемі көміртегі диоксиді тоннасының эквивалентімен көрсетіледі;

12-бағанда "Қондырғы бойынша көміртегі диоксиді шығарындыларының жалпы көлемі" қондырғы бойынша көміртегі диоксиді шығарындыларының жалпы көлемі көрсетіледі. Қондырғы бойынша көміртегі диоксиді шығарындыларының көлемі тоннамен көрсетіледі;

13-бағанда "Қондырғы бойынша көміртегі диоксиді тоннасының эквивалентіндегі парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі" қондырғы бойынша барлық парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі көміртегі диоксиді тоннасының эквивалентімен көрсетіледі;

5. 7-бөлімде парниктік газдарды есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттер көрсетіледі:

1-бағанда "Жол коды" жол коды көрсетіледі;

2-бағанда "Қондырғының атауы" қондырғының атауы көрсетіледі;

3-бағанда "Өндірістік процестің атауы" көрсетілген қондырғыда жүзеге асырылатын және парниктік газдар шығарындыларына себеп болатын процестің атауы таңдалады;

"Тұтынылған шикізат не процесс" бағанында бағанда келтірілген бөлініске сәйкес шикізат түрлері толтырылады. Пайдаланылған шикізаттың әрбір түрі не процесс жеке жолмен толтырылады. Баған бірнеше бағанға бөлінеді. 4-бағанда келтірілген түрлерге сәйкес тұтынылған шикізаттың не процестің белгілі бір түрі, 5-бағанда тұтынылған шикізаттың не процестің нақты көлемі, 6-бағанда ескертпені ескере отырып өлшем бірлігі (заттай бірліктерде) көрсетіледі;

"Есептеулер үшін пайдаланылған коэффициенттер" бағанында шикізаттың не процестің әрбір түрі бойынша парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған коэффициенттер көрсетіледі. Баған бірнеше бағанға бөлінеді. 7-бағанда нетто-жылу шығару мәнінің коэффициенті, 8-бағанда нетто-жылу шығару мәні коэффициентінің өлшем бірлігі көрсетіледі; 9-бағанда отынды жағу жағдайында тотығу коэффициенті не өнеркәсіптік процестер жағдайында түрлендіру коэффициенті, 10-бағанда тотығу коэффициентінің не түрлендіру коэффициентінің өлшем бірлігі көрсетіледі. "Шығарындылар коэффициенті" бағаны 11, 12 және 13-бағандарға бөлінеді. 11-бағанда көміртегі диоксиді шығарындыларының коэффициенті, 12-бағанда метан шығарындыларының коэффициенті, 13-бағанда азот оксиді шығарындыларының коэффициенті көрсетіледі.

14-бағанда шығарындылар коэффициенттерінің өлшем бірлігі көрсетіледі.

6. 8-бөлімде есепті жылдағы өндірілген өнім бойынша деректер және өнімнің әрбір түрінен парниктік газдар шығарындыларының көлемі көрсетіледі:

1-бағанда "Жол коды" жол коды көрсетіледі;

2-бағанда "Қондырғының атауы" қондырғының атауы көрсетіледі;

3-бағанда "Түрі" есепті жылдағы қондырғы бойынша өндірілген өнімнің түрі көрсетіледі;

4-бағанда "Саны" өндірілген өнім саны көрсетіледі. Деректер үтірден кейін үш санға дейін дөңгелектеніп көрсетіледі;

5-бағанда "Өлшем бірлігі" өлшем бірліктері көрсетіледі. Өндірілген өнім санының өлшем бірліктері ретінде электр энергиясын өндіру мегаватт-сағатпен және жылу энергиясын өндіру гигакалориямен көрсетілетін жағдайларды қоспағанда, тонна пайдаланылады;

6-бағанда "Әрбір қондырғы бойынша өнімнің әрбір түрі бойынша жиыны" әрбір қондырғы бойынша өнімнің әрбір түрі бойынша өнімнің жиынтық көлемі көрсетіледі;

7-бағанда "Өлшем бірлігі" өлшем бірліктері көрсетіледі. Өндірілген өнім санының өлшем бірліктері ретінде электр энергиясын өндіру мегаватт-сағатпен және жылу энергиясын өндіру гигакалориямен көрсетілетін жағдайларды қоспағанда, тонна пайдаланылады;

"Парниктік газдар шығарындыларының көлемі (тоннамен)" бағанында өндірілген өнім бойынша әрбір парниктік газ шығарындыларының көлемі көрсетіледі. Баған 8, 9, 10 және 11-бағандарға бөлінеді. 8-бағанда көміртегі диоксидінің көлемі тоннамен, 9-бағанда метан шығарындыларының саны тоннамен, 10-бағанда азот оксиді тоннамен, 11-бағанда перфторкөміртектер тоннамен көрсетіледі.

7. 9-бөлімде металлургия саласындағы қызметте өнім өндіру кезінде отын шығысы бойынша деректер көрсетіледі. Осы тармақтарды экономикалық қызмет түрі металлургия саласындағы қызметке жататын әкімшілендіру субъектілері ғана толтырады:

3-бағанда тиісті отын шығысы көрсетіледі;

4-бағанда отынның өлшем бірліктері көрсетіледі.

8. 10-бөлімде офсеттік бірліктер бойынша мәліметтер (алынған, иеліктен шығарылған) көрсетіледі:

1-бағанда "Жол коды" жол коды көрсетіледі;

2-бағанда "Қондырғының атауы" қондырғының атауы көрсетіледі;

3-бағанда "Көміртегі бірлігінің түрі" көміртегі бірлігінің түрі көрсетіледі;

4-бағанда "Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне алынған офсеттік бірліктер" Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне алынған офсеттік бірліктердің көлемі көрсетіледі;

5-бағанда "Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне алынған офсеттік бірліктердің қалдығы" Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне алынған офсеттік бірліктердің қалдығы көрсетіледі;

6-бағанда "Есепті жылда иеліктен шығарылғандар" есепті жылда иеліктен шығарылған офсеттік бірліктердің көлемі көрсетіледі.

9. 11-бөлімде әкімшілендіру субъектісі басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

Парниктік газдар
шығарындылары мен
сіңірулері саласындағы
мемлекеттік реттеу
қағидаларына
5-қосымша
Форма

Ұсынылады: уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: nbecology.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Көміртегі квотасының көлемін өзгертуге өтініш

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық белгіленуі): 1-КККӨ

Кезеңділігі: жыл сайын.

Есепті кезең: ____ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Кодекстің 289-бабына сәйкес квоталау субъектілері.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: он бесінші сәуірден ерте емес, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тамызынан кешіктірмей;

Ұлттық көміртегі квоталары жоспары қолданысының соңғы жылына қосымша көміртегі квотасы үшін жүгінген жағдайда – он бесінші сәуірден ерте емес, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші шілдесінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН	
---------	--

(деректерді жеке тұлғалар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде ұсынылған жағдайда толтырылмайды)

Жинау әдісі: электрондық түрде.

Өтінішке сұратылатын қосымша көміртегі квотасының көлемін негіздейтін есептеулер қоса беріледі.

1. Әкімшілендіру субъектісінің толық атауы

2. Квоталау субъектісінің заңды мекенжайы (облысты, ауданды, елді мекенді (қала\кент\өзге) қоса алғанда)

3. Телефон

4. Электрондық пошта мекенжайы

5. Көміртегі квотасының көлемін өзгерту үшін қондырғы бойынша мәліметтер көрсетіледі

Жол коды	Кодекстің 289-бабының 2-тармағына сәйкес квоталанатын қондырғы жататын экономиканың реттелетін секторы	Қондырғының атауы	Ұлттық жоспардың бүкіл қолданылу кезеңіне арналған көміртегі квотасының жалпы көлемі	Сұратылатын көміртегі квотасының қосымша көлемі:	Квотаның қосымша көлемін ескере отырып, көміртегі квотасының жалпы көлемі	Сұратылатын көміртегі квотасының көлемі арналған есепті жыл:
1	2	3	4	5	6	7

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы

Көміртегі квотасының көлемін
өзгертуге өтінішке
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Көміртегі квотасының көлемін өзгертуге өтініш" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 1-КККӨ, кезеңділігі: жыл сайын)

1. Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Көміртегі квотасының көлемін өзгертуге өтініш" нысаны (бұдан әрі – өтініш) осы Қағидалардың 75-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Нысанды квоталау субъектілері Кодекстің 289-бабына сәйкес ұсынады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Есепті кезең" бөлімінде көміртегі квотасының көлемін өзгертуге өтініш берілетін есепті жыл көрсетіледі;

"ЖСН/БСН" бөлімінде квоталау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

1-бөлімде квоталау субъектісінің толық атауы көрсетіледі;

2-бөлімде облысты, ауданды, елді мекенді (қала/кент/өзге) қоса алғанда, квоталау субъектісінің заңды мекенжайы көрсетіледі;

3-бөлімде квоталау субъектісінің байланыс телефоны мен факсы көрсетіледі;

4-бөлімде квоталау субъектісінің электрондық мекенжайы көрсетіледі;

5-бөлімде көміртегі квотасының көлемі өзгеретін қондырғы бойынша мәліметтер көрсетіледі:

1-бағанда "Жол коды" жол коды көрсетіледі;

2-бағанда "Кодекстің 289-бабының 2-тармағына сәйкес квоталанатын қондырғы жататын экономиканың реттелетін секторы" Кодекстің 289-бабының 2-тармағына сәйкес квоталанатын қондырғы жататын экономиканың реттелетін секторы көрсетіледі;

3-бағанда "Қондырғының атауы" қондырғының атауы көрсетіледі;

4-бағанда "Ұлттық жоспардың бүкіл қолданылу кезеңіне арналған көміртегі квотасының жалпы көлемі" Ұлттық жоспарға сәйкес қондырғы бойынша көміртегі квотасының жалпы көлемі көрсетіледі;

5-бағанда "Сұратылатын көміртегі квотасының қосымша көлемі" Ұлттық жоспарға сәйкес қондырғы бойынша сұратылатын көміртегі квотасының көлемі көрсетіледі;

6-бағанда "Квотаның қосымша көлемін ескере отырып, көміртегі квотасының жалпы көлемі" 4-баған мен 5-бағанды қосу арқылы квота көлемі көрсетіледі;

7-бағанда "Сұратылатын көміртегі квотасының көлемі арналған есепті жыл" қондырғы бойынша сұратылатын көміртегі квотасының көлемі арналған есепті жыл көрсетіледі.

Парниктік газдар
шығарындылары мен
сіңірулері саласындағы
мемлекеттік реттеу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Ұсынылады: осы Қағидалардың 93-тармағына сәйкес жүйе операторына; осы Қағидалардың 94-тармағына сәйкес уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: nbecology.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Көміртегі квоталарын өтеуге арналған өтініш

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық белгіленуі): 1-ПК

Кезеңділігі: жыл сайын.

Есепті кезең: ____ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Кодекстің 289-бабына сәйкес квоталау субъектілері.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: Кодекстің 291-бабының 8-тармағына сәйкес Ұлттық жоспардың соңғы есепті кезеңін қоспағанда, есепті жылдан кейінгі жылдың соңына дейін.

ЖСН/БСН



(деректерді жеке тұлғалар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде ұсынылған жағдайда толтырылмайды)

Жинау әдісі: электрондық түрде.

1. Әкімшілендіру субъектісінің толық атауы

2. Квоталау субъектісінің заңды мекенжайы (облысты, ауданды, елді мекенді (қала\кент\өзге) қоса алғанда)

3. Телефон/факс

4. Электрондық пошта мекенжайы

5. Көміртегі квотасын өтеу үшін қондырғы бойынша мәліметтер көрсетіледі

Жол коды	Кодекстің 289-бабының 2-тармағына сәйкес квоталанатын қондырғы жататын экономиканың реттелетін секторы	Қондырғының атауы	Өтелетін көміртегі квотасының жалпы көлемі	Өтеу үшін сатып алынған көміртегі бірліктері	Офсеттік бірліктер	Квота бірліктерінің қосымша көлемі
1	2	3	4	5	6	7
			тонна	тонна	тонна	тонн

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы

Көміртегі квоталарын өтеуге
арналған өтінішке
қосымша

Көміртегі квоталарын өтеуге арналған өтініш әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 1-ПК, кезеңділігі: жыл сайын)

1. "Көміртегі квоталарын өтеуге арналған өтініш" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны (бұдан әрі – өтініш) осы Қағидалардың 93 және 94-тармақтарына сәйкес әзірленді.

2. Нысанды Кодекстің 289-бабына сәйкес квоталау субъектілері ұсынады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Есепті кезең" бөлімінде қорытындысы бойынша көміртегі квоталарын өтеуге арналған өтініш берілетін есепті жыл көрсетіледі;

"ЖСН/БСН" бөлімінде квоталау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

1-бөлімде квоталау субъектісінің толық атауы көрсетіледі;

2-бөлімде квоталау субъектісінің заңды мекенжайы, оның ішінде облыс, аудан, елді мекен (қала/кент/өзге) көрсетіледі;

3-бөлімде квоталау субъектісінің байланыс телефоны және факсы көрсетіледі;

4-бөлімде квоталау субъектісінің электрондық мекенжайы көрсетіледі;

5-бөлімде көміртегі квотасын өтеу жүзеге асырылатын қондырғы бойынша мәліметтер көрсетіледі:

1-бағанда "Жол коды" жол коды көрсетіледі;

2-бағанда "Кодекстің 289-бабының 2-тармағына сәйкес квоталанатын қондырғы жататын экономиканың реттелетін секторы" Кодекстің 289-бабының 2-тармағына сәйкес квоталанатын қондырғы жататын экономиканың реттелетін секторы көрсетіледі;

3-бағанда "Қондырғының атауы" қондырғының атауы көрсетіледі;

4-бағанда "Өтелетін көміртегі квотасының жалпы көлемі" қондырғы бойынша өтелетін көміртегі квотасының жалпы көлемі көрсетіледі және ол 5, 6 және 7-бағандардың қосындысындағы көлемге сәйкес келуге тиіс;

5-бағанда "Өтеу үшін сатып алынған көміртегі бірліктері" қондырғы бойынша өтеу үшін сатып алынған көміртегі квотасының өтелетін көлемі көрсетіледі;

6-бағанда "Офсеттік бірліктер" қондырғы бойынша офсеттік бірліктердің өтелетін көлемі көрсетіледі;

7-бағанда "Квота бірліктерінің қосымша көлемі" қондырғы бойынша квота бірліктерінің қосымша көлемі есебінен көміртегі квотасының өтелетін көлемі көрсетіледі.

Парниктік газдар
шығарындылары мен
сіңірулері саласындағы
мемлекеттік реттеу
қағидаларына
7-қосымша

Нысан

ЖОБА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ бірлескен тәсілдер шеңберінде

1. Жоба туралы жалпы ақпарат

Жобаның атауы _____

Жоба өтініш берушісі (толық атауы, БСН/тіркеу деректері) _____

Жобаға қатысушылар (бар болса) _____

Өтініш берушінің байланыс деректері _____

Жобаны іске асыру орны (өңір, координаттар, объект)

Қызмет секторы (энергетика, өнеркәсіп, қалдықтар және т.б.)

Іске асырудың болжамды механизмі:

бірлескен тәсілдер

Болжамды әріптес елдер (бар болса)

2. Жобаның қысқаша сипаттамасы

Жобалық қызметтің мәні

Қолданылатын технологиялар

Жобаны іске асырудың күтілетін мерзімі

Кредиттеу кезеңінің болжамды мерзімі

Іске асырудың негізгі кезеңдері

3. Күтілетін жұмсарту нәтижелері

Нәтиже түрі:

шығарындыларды қысқарту

сіңіруді ұлғайту

Қысқартулардың/сіңірулердің бағалау көлемі (тонна СО-экв./жыл)

Жоба кезеңіндегі жалпы күтілетін көлем

Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерінің болжамды үлесі:

халықаралық беру үшін

Қазақстан Республикасының ұлттық салымына қол жеткізу үшін

4. Базалық сценарий (алдын ала сипаттама)

Жоба іске асырылмаған жағдайдағы ахуалдың сипаттамасы

Шығарындылар/сіңірулер көздері

Базалық сценарийді таңдаудың негіздемесі

(Әдістемелік тұтастық жөніндегі Рамалық конвенция тәсілдеріне және Тараптар конференциясының шешімдеріне сәйкес)

5. Жобаның қосымшалығы

Қосымшалықтың алдын ала негіздемесі:

Қаржылық қосымшалық

көміртекті қаржыландырусыз IRR және NPV есептеу

Кедергілер (технологиялық, қаржылық, институционалдық)

Әдеттегі практика болмауының негіздемесі

Рамалық конвенция бекіткен әдістеме мен құралдарға сәйкестігі

6. Әдістеме (алдын ала)

Болжамды әдістеме (ұлттық / халықаралық)

Әдістеменің 6-бап талаптарына сәйкестігі

Қысқартуларды есептеу тәсілі

7. Мониторинг, есептілік және верификация (MRV)

Мониторингтің жалпы тәсілі

Мониторингтің негізгі параметрлері

Болжамды валидация және верификация органы

MRV бойынша халықаралық талаптарға сәйкестігі

8. Тәуекелдерді бағалау

Нәтижелерге қол жеткізбеу тәуекелі

Кему тәуекелі (leakage)

Қосарланған есепке алу тәуекелі

Нәтижелерді жоғалту тәуекелі (сіңіру жобалары үшін)

Тәуекелдерді басқару бойынша ұсынылатын шаралар

9. Тұрақты дамуға қосатын үлесі

Экологиялық әсерлер

Әлеуметтік әсерлер

Экономикалық әсерлер

Ұлттық басымдықтарға сәйкестігі

10. Қаржылық модель (ірілендірілген түрде)

Жобаның жалпы құны

Қаржыландыру көздері

Көміртегі бірліктерінен түсетін кірістер (бағалау бойынша)

Көміртекті қаржыландыру қажеттілігі

11. Авторизацияның алдын ала параметрлері

(халықаралық берілетін нәтижелерді кейіннен авторизациялау үшін ақпаратқа қойылатын Тараптар конференциясы шешімдерінің талаптарына сәйкес)

Халықаралық берілетін нәтижелерді болжамды пайдалану:

басқа тараптың ұлттық салымына қол жеткізу үшін

өзге де халықаралық мақсаттар үшін

Климаттың өзгеруі салдарын жұмсартудың халықаралық берілетін нәтижелерінің болжамды көлемі

Тиісті түзетулерді қолдану ниеті

Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін тараптар арасында алдын ала бөлу

12. Қазақстан Республикасының мүдделеріне сәйкестігі

Ұлттық салымға қол жеткізуге қосатын үлесі

Салалық басымдықтарға сәйкестігі

Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту нәтижелерін халықаралық берудің негіздемесі

Ұлттық көміртегі балансына теріс әсерінің болмауы

13. Қосымшалар

Жоба схемасы

Алдын ала есептеулер

Өзге де растайтын материалдар

14. Өтініш берушінің растауы

Өтініш беруші мынаны растайды:

ұсынылған ақпарат дәйекті болып табылады;

жоба әдеттегі практикаға жатпайды;

жоба ҚР СШЖ немесе ерікті нарық шеңберінде іске асырылмайды;

жоба Париж келісімінің 6-бабының талаптарына және Тараптар конференциясының шешімдеріне сәйкес келеді.

Қолы: _____

Күні: _____

Парниктік газдар
шығарындылары мен
сіңірулері саласындағы
мемлекеттік реттеу
қағидаларына
8-қосымша

ТІЗБЕ жеңілдетудің халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерін беруді авторизациялау мақсаттары үшін жобалардың рұқсат етілетін және рұқсат етілмейтін түрлерінің

1. ОҢ ТІЗБЕ

Осы бөлімде көрсетілген түрлерге жатқызылған жобалар осы Қағидалардың 5-тарауының 4-параграфында белгіленген критерийлерге, сондай-ақ осы бөлімнің "Авторизациялаудың негізгі шарттары" бағанында көзделген арнайы шарттарға сәйкес келген жағдайда, жеңілдетудің халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерін беруді авторизациялауға жіберіледі.

Жобаны белгілі бір деңгейге (Tier) жатқызуды уәкілетті орган Оператордың қорытындысы негізінде технологиялық жаңалығына, ұлттық деңгейде айқындалатын үлеске қол жеткізу үшін басымдығына және орнықты даму мақсаттарына қосатын үлесіне сәйкес жүргізеді:

Tier 1 – Қазақстан Республикасы үшін жаңалығы жоғары серпінді төмен көміртекті технологиялар;

Tier 2 – экономиканың басым салаларында декарбонизациялаудың жоғары әлеуеті бар орташа жаңалық дәрежесіндегі технологиялар;

Tier 3 – орнықты дамуға, биоалуантүрлілікке, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасына және (немесе) метан мен өзге де парниктік газдар шығарындыларының алдын алуға басым үлес қосатын жобалар.

Код	Технология / жоба түрі	Деңгей (Tier)	Авторизациялаудың негізгі шарттары
T1-1	BECCS (көміртекті ұстау және сақтау бар биоэнергетика)	Tier 1	ЕОР үшін биомассаны пайдалануға тыйым салынады; тек тұрақты геологиялық сақтауға жол беріледі; ҰДАҰ үлесі: 15%; буферлік шот: 0%.
T1-2	CCS — CO-ні ұстау және геологиялық сақтау	Tier 1	Тек геологиялық сақтау; мұнай бергіштікті арттыру (ЕОР) үшін пайдалануға жол берілмейді; Резервуардың герметикалығы мен ұзақ мерзімді мониторинг жоспарын тәуелсіз верификациялау (айдауды тоқтатқаннан кейін ≥ 20 жыл); Жобадан кейінгі мониторингке escrow-резервті міндетті қалыптастыру; ҰДАҰ үлесі: 30%; буферлік шот: 0%.
T1-3	DAC — CO-ні ауадан тікелей ұстау	Tier 1	100% электрмен жабдықтау жаңартылатын энергия көздері есебінен (PPC айырбасталмайтын шығу тегі кепілдіктері арқылы расталады); Пилоттық режим: авторизациялаудың бірінші кезеңінде бір қондырғыға жылына 50 000 т CO-ге дейін; Қазақстан Республикасының аккредиттелген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен ғылыми-зерттеу ынтымақтастығы туралы келісімнің болуы;

			ҰДАҰ үлесі: 30%; буферлік шот: 0%.
T2-1	Сутекті металлургия (сутекті пайдалана отырып DRI/HBI)	Tier 2	Қолданыстағы металлургиялық өндірістерді реконструкциялау (greenfield объектілеріне қолдануға тыйым салынады); Жасыл немесе көгілдір сутекті пайдалану (көміртек сыйымдылығы ≤ 3 кг СО-экв./кг Н); Шығарылатын өнімге расталған ұзақ мерзімді off-take шартының болуы; ҰДАҰ үлесі: 30%; буферлік шот: 0%.
T2-2	Жасыл аммиак өндіру	Tier 2	Қолданыстағы қуаттарды реконструкциялау (greenfield объектілеріне қолдануға тыйым салынады); Шекаралық көміртекті түзету тетіктерін немесе ұқсас құралдарды қолданатын нарықтарға экспорт; ҰДАҰ үлесі: 30%; буферлік шот: 0%.
T2-3	Шахталық метанды кәдеге жарату (CMM)	Tier 2	Ұсталған метанды міндетті пайдалану (когенерация, жылу, желіге беру); Шахтаны жабудың бекітілген жоспарының болуы; көмір өндіруді кеңейту жобалары кезінде қолдануға тыйым салынады; М е т а н концентрацияларын типін бекітуден немесе метрологиялық аттестаттаудан, сондай-ақ салыстырып тексеруден өткен үздіксіз есепке алу аспаптарымен мониторингтеу; ҰДАҰ үлесі: 30%; буферлік шот: 0%.

T2-4	Өнеркәсіптік жылу сорғылары	Tier 2	Жылу қуаты > 1 МВт; тек қалалардың орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелері; Қазақстан Республикасының орташа маусымдық температуралық жағдайларында түрлендіру коэффициенті (COP) $\geq 3,5$; СТЖ шеңберінде квоталанатын объектілерге қолдануға тыйым салынады; ҰДАҰ үлесі: 30%; буферлік шот: 0%.
T2-5	Мұнай-газ саласындағы метан жылыстауын азайту (LDAR)	Tier 2	Көмірсутектерді өндіру, дайындау, тасымалдау және қайта өңдеу жөніндегі қолданыстағы объектілерге қолданылады; Аспаптық әдістер негізінде жылыстауды анықтау және жою бағдарламасын (Leak Detection and Repair) енгізу (OGI-камералар, лазерлік талдағыштар, стационарлық датчиктер) ; Газ жетекті пневматикалық құрылғыларды электрлік немесе ауалық құрылғыларға ауыстыру; үрлеу және босату кезіндегі vented emissions жою; Ілеспе мұнай газын штаттық алауда жағу кезінде оны кәдеге жарату жобаларына қолдануға тыйым салынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген — қосымша шара болып табылмайды); Метан бойынша СТЖ шеңберінде квоталанатын

		қондырғыларға қолдануға тыйым салынады (мұндай қамту енгізілген кезде); OGMP 2.0 стандартының 4-деңгейіне немесе одан жоғары деңгейіне сәйкестік; метанның бастапқы және нысаналы қарқындылығы бойынша есептілік; ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
T2-6	Ұңғымаларды жасыл аяқтау және мұнай-газ саласындағы технологиялық операциялар кезінде шығарындыларды азайту	Tier 2 Ұңғымаларды аяқтау және күрделі жөндеу кезінде газды ұстау жүйелерін қолдану (green completions); routine flaring жоюды авторизациялануға жататын шара ретінде жобаға енгізуге тыйым салынады (Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша әдеттегі практика болып табылады); Резервуарлық парктер мен компрессорлық станцияларда бу рекуперациясы жүйелерін орнату; Есептік эмиссиялық факторлар негізінде емес, тікелей өлшеулер негізінде верификациялау ; ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
Пилоттық жобалар		
		Өндірілген биокөмірдегі сутектің органикалық көміртекке молярлық қатынасы (H/Corg), аккредиттелген зертхана орындаған элементтік талдау нәтижелерімен расталған, 0,7-ден аспайды. Тұрақтылық мерзімі 100 жылдан асатын көміртекті ұзақ мерзімді секвестрлеу санатына

T3-1	Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы қалдықтарынан алынатын биокөмір	Tier 3	жатқызуға үміткер жобалар үшін көрсетілген қатынас 0,4-тен аспайды; Биокөмірді өндіру және қолдану жобасының өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі парниктік газдардың жиынтық шығарындылары парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелерін не көміртегі офсетін мақұлдау қағидаларының 9-тармағына сәйкес халықаралық деңгейде танылған әдіснаманы қолдана отырып есептелген секвестрленген тұрақты көміртек көлемінің 30 пайызынан аспайды; Арнайы өсірілген энергетикалық дақылдарды шикізат ретінде пайдалануға тыйым салынады; Құнды жемшөп немесе қайталама қайта өңдеу материалы болып табылмайтын қалдықтарды пайдалану; ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
T3-2	Қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарында полигон газын ұстау және жағу	Tier 3	Базалық желіні нақты айқындау; Метан концентрациясын өлшеуге арналған типін бекітуден немесе метрологиялық аттестаттаудан, сондай-ақ салыстырып тексеруден өткен шығын өлшегіштер мен газ талдағыштарды пайдалана отырып үздіксіз мониторинг және есепке алу; Метан деструкциясының тиімділігі $\geq 99\%$;

			ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
T3-3	Органикалық қалдықтардан алынатын биогаз (анаэробтық ашыту)	Tier 3	Шикізат: мал шаруашылығы кәсіпорындарының көңі, сарқынды су тұнбалары, тамақ өнеркәсібінің қалдықтары, ҚТҚ-ның бөлінген органикалық фракциясы; Арнайы өсірілген энергетикалық дақылдарды негізгі шикізат ретінде пайдалануға тыйым салынады; СН деструкциясының тиімділігі (destruction efficiency) $\geq 99\%$; Дигестатты тыңайтқыш ретінде міндетті пайдалану не компосттау (көмуге тыйым салынады); ҰДАҰ үлесі: рекультивация бағдарламасы шеңберінде пайдаланылған жағдайда не биогаз құнынан тыс қосымша түсім болмаған кезде 10%; буферлік шот: 0%.
T3-4	ҚТҚ-ның органикалық фракциясын механикалық-биологиялық өңдеу және компосттау	Tier 3	Органикалық фракцияны полигондарда көмуден бұру есебінен метан түзілуінің алдын алу; Рекультивация және сүзінді су жылыстауының алдын алу жоспарының болуы; Қазақстан Республикасының климаттық жағдайларына калибрлеумен first-order decay (FOD) моделі негізінде верификациялау; ҰДАҰ үлесі: рекультивация бағдарламасы

			шеңберінде іске асырылған жағдайда 10% ; буферлік шот: 0%.
T3-5	Жүк және жолаушылар автокөлігін электрлендіру (дизель отынынан электр тартымына көшу)	Tier 3	Квоталаумен қамтылмаған секторларда дизель паркін электр көлік құралдарына ауыстыру ғана; Күрделі шығындарды жабатын аукциондық тариф, субсидия немесе өзге де мемлекеттік қолдау алынған жағдайда авторизациялауға тыйым салынады; Электрмен жабдықтау — расталған төмен көміртекті генерациямен (электр энергиясының ұлттық эмиссиялық факторы негізінде); ҰДАҰ үлесі: көшудің құнынан тыс қосымша түсім болмаған кезде 10%; буферлік шот: 0%.
T3-6	Тозған жайылымдарды қалпына келтіру	Tier 3	Қ а з а қ с т а н Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер пайдалану құқықтары мен жауапкершілікті растау; Жоба қосымшалықты, негізделген базалық желіні, әсердің тұрақтылығын, жылыстаудың болмауын, нәтижелердің өлшенімділігі мен верификациялануын, сондай-ақ қосарланған есепке алуды болдырмауды қоса алғанда, экологиялық тұтастық критерийлеріне сәйкес келуге тиіс. Есепке алудың ең аз кезеңі — 20 жыл; реверсия тәуекелін міндетті бағалау (өрттер, шамадан тыс мал жаю); ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.

		Жоба ауыл шаруашылығы алқаптарының түрі мен жай-күйін, жердің тозу дәрежесін, эрозиялық, сортаңданған және өзге де теріс процестердің болуын, сондай-ақ жоспарланатын іс-шаралардың топырақ құнарлылығын және ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін сақтауға әсерін қоса алғанда, жер учаскесінің агроэкологиялық және топырақ-мелиорациялық сипаттамаларын ескеруге тиіс.
T3-7	Егістік алқаптар үшін топырақтағы көміртекті ұлғайту (soil organic carbon)	Ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін төмендетуге не азық-түлік дақылдары егістіктерін қысқартуға әкелетін шараларға тыйым салынады; Жоба қосымшалықты, негізделген базалық желіні, әсердің тұрақтылығын, жылыстаудың болмауын, нәтижелердің өлшенімділігі мен верификациялануын, сондай-ақ қосарланған есепке алуды болдырмауды қоса алғанда, экологиялық тұтастық критерийлеріне сәйкес келуге тиіс. Қ а з а қ с т а н Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер пайдалану құқықтарын растау; Органикалық көміртек құрамын кемінде 5 жылда бір рет тікелей өлшеу (тек модельдік бағалауларды пайдалануға жол берілмейді); ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.

			Жоба ауыл шаруашылығы алқаптарының түрі мен жай-күйін, жердің тозу дәрежесін, эрозиялық, сортаңданған және өзге де теріс процестердің болуын, сондай-ақ жоспарланатын іс-шаралардың топырақ құнарлылығын және ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін сақтауға әсерін қоса алғанда, жер учаскесінің агроэкологиялық және топырақ-мелиорациялық сипаттамаларын ескеруге тиіс
T3-8	Мемлекеттік орман қорында орманды қалпына келтіру	Tier 3	Тек аборигендік түрлер; монодақылдық екпелерге тыйым салынады; Жоба қосымшалықты, негізделген базалық желіні, әсердің тұрақтылығын, жылыстаудың болмауын, нәтижелердің өлшенімділігі мен верификациялануын, сондай-ақ қосарланған есепке алуды болдырмауды қоса алғанда, экологиялық тұтастық критерийлеріне сәйкес келуге тиіс. Есепке алудың ең аз кезеңі — 30 жыл; Өрт, зиянкестер және құрғақшылық тәуекелдерін басқарудың міндетті жүйесі; ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
			Тек аборигендік түрлер; монодақылдық екпелерге тыйым салынады; Жоба қосымшалықты, негізделген базалық желіні, тұрақтылықты, жылыстаудың болмауын, нәтижелердің өлшенімділігі мен

T3-9	Мемлекеттік орман қорынан тыс орманды қалпына келтіру	Tier 3	верификациялануын, сондай-ақ қосарланған есепке алуды болдырмауды қоса алғанда, экологиялық тұтастық критерийлеріне сәйкес келуге тиіс. Есепке алудың ең аз кезеңі — 30 жыл; Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер пайдалану құқықтарын растау; ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
T3-10	Мемлекеттік орман қорында орман өсіру	Tier 3	Тек аборигендік түрлер; монодақылдық екпелерге тыйым салынады; Есепке алудың ең аз кезеңі — 30 жыл; Су балансы мен биоалуантүрлілікке әсерін бағалау; ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
T3-11	Мемлекеттік орман қорынан тыс орман өсіру	Tier 3	Тек аборигендік түрлер; монодақылдық екпелерге тыйым салынады; Жоба қосымшалықты, негізделген базалық желіні, әсердің тұрақтылығын, жылыстаудың болмауын, нәтижелердің өлшенімділігі мен верификациялануын, сондай-ақ қосарланған есепке алуды болдырмауды қоса алғанда, экологиялық тұтастық критерийлеріне сәйкес келуге тиіс. Жоба қосымшалықты, негізделген базалық желіні, әсердің тұрақтылығын, жылыстаудың болмауын, нәтижелердің өлшенімділігі мен верификациялануын, сондай-ақ қосарланған есепке алуды

		болдырмауды қоса алғанда, экологиялық тұтастық критерийлеріне сәйкес келуге тиіс. Есепке алудың ең аз кезеңі — 30 жыл; Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер пайдалану құқықтарын растау; ҰДАҰ үлесі: 10%; буферлік шот: 0%.
--	--	---

Қазақстан Республикасының ұлттық деңгейде айқындалатын үлесіне қол жеткізу пайдасына резервтелетін жеңілдетудің халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерінің үлесі және буферлік шоттың мөлшері осы Қағидалардың 5-тарауының 4-параграфының ережелері ескеріле отырып, осы бөлімде көзделген мөлшерлерде белгіленеді.

2. ТЕРІС ТІЗБЕ

Жеңілдетудің халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерін беруді авторизациялау жобалардың мынадай түрлеріне қатысты және мынадай жағдайлар болған кезде берілмейді:

1. Технологиялық қосымшалықтың болмауы

Қазақстан Республикасында коммерциялық тұрғыдан қолжетімді және кәсіпкерлік субъектілері халықаралық климаттық тетіктер шеңберінде шетелдік әріптестікті, техникалық жәрдемді немесе қаржыландыруды тартпай іске асыратын технологиялар қолданылатын жобалар.

2. Көміртекті үстеменің экономикалық орынсыздығы

Шығарындыларды қысқартуға шекті шығындары теріс немесе нөлге жақын, іске асырылуы жеңілдетудің халықаралық деңгейде берілетін нәтижелерінен түсімдерсіз экономикалық тұрғыдан негізделген жобалар.

3. Қосарланған қаржыландыру

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінен қаржыландырылатын ұлттық жобаларға енгізілген жобалар; жаңартылатын энергия көздеріне аукциондық тариф, күрделі шығындарға субсидиялар немесе мөлшері бойынша көміртекті үстеменің құнымен салыстырылатын өзге де мемлекеттік қолдау алатын жобалар, сондай-ақ жасалған үкіметаралық келісімдер шеңберінде іске асырылған ЖЭК жобалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша бір көзден жасалған шарттар негізінде іске асырылатын жобалар.

4. "Алдымен СТЖ" қағидатын бұзу

Шығарындыларды қысқарту СТЖ шеңберінде квоталаумен қамтылмаған парниктік газдарға немесе көздерге қатысты болатын жағдайларды қоспағанда, көміртегі квоталарының ұлттық жоспарына енгізілген қондырғыларда іске асырылатын жобалар.

5. Жоғары көміртекті инфрақұрылым

Осы санатқа, атап айтқанда, мыналар жатады:

- 1) жаңа көмір электр станциялары және қолданыстағыларын кеңейту;
- 2) көмір жылу электр станцияларын пайдаланудан шығару жөніндегі бекітілген жоспар болмаған кезде олардың пайдалы әсер коэффициентін арттыру жөніндегі іс-шаралар;
- 3) көмір өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жаңа қуаттар.

6. Стандартты салалық шешімдер

